# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

№ 51 (484) 22 желтоқсан, 2022 жыл




**– «Жастар орталығының» жастардың бос уақытын тиімді өткізуінде, қоғамға белсене араласуында, тұлға болып қалыптасуында қолтаңбасы қалыптасты. Осы ретте биылғы жылдың маңызды шараларын тарқатсақ...**

– Әрине, орталық – Сыр жастарын бір арнаға тоғыстыратын, жастардың түйткілді мәселелерін шешуге тікелей ықпал ететін, шығармашыл, талантты буынға қолдау білдіретін бірден-бір мекеме. Ал, жастар қоғамның қозғаушы күші ғана емес, мемлекеттің тұрақты дамуының басты механизаторы. Жастарға құйылған инвестиция – өзінің маңызын жоғалтпайтын, қуатты Қазақстанның қарышты дамуына жасалған ең үлкен қадам.

# ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ – ЖАСТАР

**Ел болашағының тұтқасы – жастардың әлеуметтік, физикалық, рухани дамуы, жастар саясаты мемлекет назарынан тыс қалған емес. Жыл сайын шығатын сан түрлі бағыттағы бағдарламалар мен гранттар мыңдаған жасқа мүмкіндік сыйлап келеді. Осы орайда сырбойылық жастардың көшбасшысы, облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Талғат Тілеспен биылғы жылдың жағымды жаңалықтары мен оң өзгерістері туралы сөз еттік.**



Бүгінде өңір халқының 21 пайызын жастар құрайды. Жыл басынан бері оларды жан-жақты қолдауға бағытталған 5 мыңға жуық шара ұйымдастырылып, оған 100 мыңнан астам жас белсенді қатысты. Мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар арқылы жастарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, түрлі бағытта кеңес беруге бағытталған «Мүмкіндіктер керуені» шарасы тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Игі шараның нәтижесінде 10 мың жас тұрақты жұмысқа орналасса, маусымдық кезеңдегі жұмыстарға 2 мың жас тартылды. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, NEET санатындағы жастардың үлесін төмендету бағытында да кешенді шаралар тұрақты түрде атқарылуда.

Өңірімізге арнайы сапармен келген Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі «Жастар орталығының» жұмысымен кеңінен танысып, бірқатар бастамаларға оң бағасын берді. Сондай-ақ жуырда өткен облыстық жастар форумында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Сыр жастарын қолдауға бағытталған тың бастамаларды хабарлады. Соның негізінде алдағы уақытта да ерекше жобалар қолға алынып, сырбойылық жастарға бірқатар мүмкіндік берілмек.

**– Сыр жастары өнер жағынан өрге қадам басқан. Соңғы уақытта ғылым, технология, жаңа дағдылар бойынша да топ жарып келеді. Талапты жастарға ЖРО тарапынан қандай қолдау бар?**

– Сыр елі – қашанда өнер мен жырдың ордасы. Сыр топырағында туған талантты жастар қазір еліміздің түкпір-түкпірінде дарынымен дараланып, елге адал қызмет атқарып келеді. Хош. Біздің жұмысымызға келер болсақ, орталық барлық санаттағы жастарға тікелей қолдау білдіріп келеді. Білім саласында жүргізілген тиімді реформалар арқасында жастар биіктерден көрінуде. Ізденіске құштар жастарды ұштау мақсатында «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен үздік жобалар қолға алынды. Атап айтсақ, «Жас ғалым» облыстық ғылыми жобалар және инновациялық идеялар байқауы, «ТОП – 20 студент» жобасы, алғаш рет «IQ-ORDA» республикалық интеллектуалдық байқауы, «INNOFEST» облыстық инновациялық жобалар фестивалі өткізілді. Бұл жобалар білімді жастарды қолдауға бағытталып отыр. Сонымен қатар талантты жастарды үлкен сахнаға шығаруда да орталықтың еңбегі зор. Қазір қоғамға неформалды білім түсінігі терең еніп келеді. Орталықтың қолдауымен ағылшын, түрік тілдерін меңгергісі келетін жастарға арнайы курстар ұйымдастырылуда. Тағы қоса кетерлігі, тікелей орталық жанынан құрылған ұлттық ережесіз жекпе-жек, таэквондо, каратэ сынды спорт түрлерінен арнайы үйірмелер де жұмыс істейді.

**– Жастар санатына кіретін топтың жас ерекшелігіне өзгеріс енді. Бұл замандастарымыздың өміріне қаншалықты әсер етеді?**

– Осы кезге дейін 29 жасқа дейінгі жастар мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін мейлінше өз қажетіне пайдаланып келді. Жақында категория 35 жасқа дейін көтерілгендігіне байланысты осы санаттағы әрбір тұлға тұрғын үй мен кәсіп бастауға қолдау беретін мемлекеттік бағдарламаларға еркін қатыса алады. Бұл – әрбір жас үшін үлкен қолдау.

**– Жастармен бірге жүріп, өз ортаңды табу бір бөлек. Олардың көшбасшысы болу – үлкен жауапкершілік. Мағжан сенетін жастардың бойында болу керек қасиет қайсы?**

– Жастар – ел үміт күтетін болашақтың темірқазығы. Қай қоғамды алсаңыз да, жастарға артылатын жауапкершілік жүгі жоғары. Жастар қандай болуы керек деген сауалға әрбіріміз жауап бере аламыз. Ал менің ойымша, жастардың бойында ең алдымен еңбекқорлық, білімге, жаңаны тануға деген құштарлық болуы қажет. Әр қазақ баласы өзі сүйетін дүниемен айналыса алатын рухани кемел тұлға болуы керек. Шәкәрім атамыз: «Біреудің мінін көргенше, жамандығын тергенше, өз ойыңды мазалап, өз бойыңды тазалап, өзіңмен алыс өлгенше» дейді ғой. Осы ұстаныммен жүрген әр адам жаман болмасы анық. Сан салалы мемлекеттік сектор – жастар саясатында жүргеніме біраз уақыт болды. Сондықтан жастар мемлекет дамуына ықпал ете алатын, тікелей жұмыс жүргізе алатын буын деп толық сеніммен айта аламын. Әр жастың өзіне артылған жауапкершілікті сезінуі аса маңызды.

**– Сұхбатыңызға рахмет!**

**Әңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ**

# ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ ЖҮРЕККЕ ЖАҚЫН ЭМОЦИЯ СЫЙЛАЙДЫ

Байқағандай, қазақтың ұлттық асы аталған дәмдердің көлеңкесінде қалып барады. Дегенмен олқылықтың орнын бүгінде «Сандық», «Тары» сынды ресторан, кафелер толықтыруда. Брендке айналған дәмхананың жұлдызын жаққан бүгінгі кейіпкеріміз – этнограф Әйгерім Мұсағажинова.

Қазақы асты дәріптеп жүрген маман ұлттық тағамды ұлықтауға 15 жыл уақыт жұмсаған.

– Қазақстан аумағында ғана емес, Алтай, Батыс Сібір, Өзбекстан, Қырғызстан секілді шекаралас мемлекеттерде саяхаттап жүргеніме 15 жыл болды. Басты мақсатым – дәстүрлі мәдениетімізді жан-жақты зерттеп, салт-дәстүрімізге енген жаңашылдықты бақылап, өзім жинаған білімді келер ұрпаққа жеткізу. Кішкентайымнан қазақтың ұлттық тағамы туралы мәліметтерді жинап, оның қаншалықты керемет екенін насихаттауды армандап өстім. Ең бастысы, біздің ұлттық тағамның адам денсаулығына пайдасы зор екенін көпшілік білсе дедім. Менің басшылығыммен Қазақстанның оңтүстік аумағына экспедиция жасалды. Білім және ғылым министрлігі бөлетін грант негізінде жыл сайын «Сарыарқа қазақтарының материалдық емес мұрасы» бағдарламасы аясында материалдық емес мұраның әртүрлі бағытын зерттедік. Осының нәтижесінде әр аймақта ұлттық тағамдар қалай дайындалатынын білдік, – дейді этнограф.



**Тағамды таңдап-талғап ішер заманда Еуропаның да, корейліктердің де, түріктің де ұлттық асы таңсық емес. Тек тапсырыс берсеңіз жеткілікті. Әсіресе, кейінгі жылдары түріктің тез дайындалатын лавашы, донері, мұхит асып келген KFC, чикеннің де сан түрі елде қаптағаны жасырын емес.**

Зерттеу нәтижесінде қазақтың 50-ден аса ұлттық тағамы белгілі болған. Жинақтаған деректер мен еңбек кітап болып басылып, бүгінде оқырман сұранысында. Әйгерімнің айтуынша, ұлттық тағамдар балалық шағымыз бен туған жерімізді еске салады.

– «Kazakh geography» республикалық қоғамдық бірлестігіне алғыс айтамын. Олар осы жобаның жүзеге асуына ықпал етіп, кітап шығаруға қатысты негізгі демеушіміз болды. Кітап атауы не себепті «Қазақы ас: дәстүр мен дәм» болды? Ұлттық тағамдардың ерекшелігі – балалық шағымызды, туған жерімізді, үйімізді еске салатын тіл үйіретін дәм, жүрегімізге жақын эмоциялар мен сезімдер сыйлайды. Бұл кітапқа бар-жоғы ұлттық тағамның 50 түрі ғана енді.

Біз ауылдағы әр үйге кіріп, ұлттық тағам туралы не білетінін сұрадық. Ауыл тұрғындары өздері не біледі сонымен бөлісті. Қазақтың дәстүрлі тағамдарын дұрыс тамақтанудың негізі ретінде қараймын. Мысалы, шелпектің пішіні не себепті дөңгелек және біркелкі болған? Оның немен байланысты екені мен үшін әрдайым қызық болатын. Қазақтың әрбір тағамы отбасы мүшелерінің, өсіп келе жатқан ұрпақтың басын қосуға негізделген, – дейді ол.

Дәстүрлі асты пайдалы дәммен үйлестіре білген Әйгерімнің рецепті тұтынушылар арасында сұранысқа ие. Жалпы кейіпкеріміз қазақтың асы бизнеске келмейді деген стереотипке қарсы.

– Қазақтың тағамдарын мейрамхана бизнесіне ыңғайлауға келмейді деген стереотип қалыптасқан. Шын мәнінде мейрамханаға бейімдеп жасауға болатын түрлері көп. Мысалы, «Мипалау» қойдың басынан дайындалады және құрт, қымыз құйылып беріледі. Сондай-ақ құрт, ірімшік біздің иммунитетімізді көтереді. Ата-балаларымыз тағам дайындаған кезде ет, сүт, дәнді дақылдарды жақсы үйлестіре білген, сол себепті дәрумен тапшылығы болмаған. Бүгінгі таңда осыған назар аударуымыз керек. Біздің мақсат – осындай құнды мәліметтерді жинақтап, келер ұрпаққа қалдыру, – дейді Әйгерім.

Бүгінде «Сандық» ұлттық асханасы этнограф Әйгерімнің жиып-терген рецепті бойынша мәзір ұсынады.

– Руслан Берденовтың ұлттық тағамдарды ұлықтаймын деген идеясы қатты ұнады. Алғашқы кездесуден ойымыз бір жерден шықты. Қазір жаман емес, «Сандықта» түрлі асты кезіктіруге болады. Қымыздың 11 түрі бар. Әсіресе қымыздан жасалған коктейль тұтынушылардың жоғары бағасына ие болды, – дейді кейіпкеріміз.

**Е.ШӘРІБЕК**

# ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫ ЖАНДАНДЫРҒАН 24 САҒАТ

Жақында Қызылордада цифрлық салаға қызығушы жастардың басын қосқан «Innofest Qyzylorda» инновациялық идеялар фестивалі өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен ұйымдастырылатын байқауға қатысуға 1700 жас ниет танытып, жалпы саны 200-ге жуық команда 3 бағыт бойынша өз жобасын қорғап шықты. Есте қалған ерекше идеялардың қатарында ұйқы тежегіш көзілдірік, күн сәулесімен жүретін жол талғамайтын көлік, смарт үй, ақылды қоқыс жәшігі мен дрондар арасындағы махаббат сынды 50-ден аса жоба бар.

Аталған шарада облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов IT саласының дамуына үлес қосып жүрген жастарға әрдайым қолдау болатынын тілге тиек етті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақстанда халықаралық деңгейдегі өнім шығаруға қабілетті дарындылар аз емес. Отандық IT-секторды дамытып, күшейте түсу маңызды. Жаңа идеялар мен серпінді жобалар тек еркін және үйлесімді қоғамда ғана жүзеге асады» деп елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек екенін еске салды.

«Бұл шара мүддесі бір, ойы ерек жастардың инновациялық идеялар алаңына айналды. Біз өзіміздің IT паркімізді әрі қарай дамыта отырып, жаңа жобаларды жарыққа шығару жолында бірлесіп жұмыс жасаймыз», – деді Н.Сақтағанов.

Айта кетейік, «SmartCity», «Контент&Медиа», «Кино&Видео» сынды негізгі 3 бағытта өткен фестивальге өз саласында табысты жетістікке жеткен спикерлер шақырылды. Өз кезегінде олар жаңа идеялардың генераторы – жалынды жастармен шеберлік сағат өткізіп, жобаларды бірлесе талқыға салды, пікір алмасты.




**Жастарды тыңдап, идеясы мен ойын іске асыруға мүмкіндік беру арқылы оларды қолдауға қадам жасалады. Соңғы жылдары тұрақты түрде іске асырылып келе жатқан қадамның бірі – инновациялық идеялар фестивалі.**

Екі күнге созылған фестиваль нәтижесінде 3 бағыт бойынша 9 жоба үздік деп танылып, оларға жалпы жүлде қоры 3 млн теңгені құрайтын қаржылай сыйақылар үлестірілді. Сонымен қатар ерекше жобаларымен көзге түскен 6 жасқа ЖОО гранты табысталды. Байқаудың ең жас қатысушысы 6 жасар Дарын Қойшығұл арнайы сыйлыққа ие болды. «Smart City» бағытындағы қатысушы Зарина Айданова «Digital innovation and transformation» компаниясымен жұмыс істеуге мүмкіндік алса, «Кино&Видео» бағытындағы жеңімпаз жобаларға «Қызылорда дизайн» ЖШС қызығушылық білдірді. Сондай-ақ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ғылыми жоба ретінде ұсынылған 2 жобаны, «Qazinterservice» ЖШС 2 жобаны қолдауға ниетті.

– Менің ұсынған жобам – күн сәулесімен жүретін, жол талғамайтын көлік. Мұндай көліктер күн сәулесін электр энергиясына айналдырып, табиғатқа еш зиянын тигізбейді. Көпфункциялылығымен де ерекшеленеді, әскери бағытта, жүк тасымалына да қолдануға болады. Іске асырар болсақ, пайдалы дүние болмақ, – деді қатысушының бірі, жас өнертапқыш Аралбек Жанысбеков.

**Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ**

# Жалақы көтеріледі, жағдай ше?..

**Жасыратыны жоқ, соңғы уақытта халықтың әлеуметтік жағдайы экономикалық қыспаққа түсіп, қиындыққа тап болды. Басты кедергі азық-түлік бағасының тұрақсыздығы, жалақы мөлшерінің аздығы екені айтпаса да түсінікті. Оған нарық талабына сүйенген кәсіпкерлердің пайда ойлаған пиғылы қосылып, мәселенің ушығуына әкелді. Мемлекет олқылықты түзеу үшін бірқатар шара қабылдап, шешім шығарғанымен, нәтиже көрінер емес. Енді, міне, қоғам келесі қадам – ең төменгі жалақы деңгейін көтеру ісінен үміт күтеді.**



Иә, расында 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 70 мың теңгеге, жасына байланысты зейнетақы төлемдері 10,5 пайызға көтерілмек. Сала мамандарының сөзінше, бұл инфляция мен халықтың тұрмыстық әл-ауқатын саралай келе шыққан шешім. Яғни, жалақы көтеру мәселесі шарасыздықтан туындады десек болатындай. Олай дейтініміз, Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов:

«Биыл инфляцияның жоғары деңгейі халықтың табысына теріс әсерін тигізуде. Бұған қоса, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгеге дейін өседі. Осы және де басқа өзгерістерді ескере отырып, алдағы уақытта бағдарламаны өзектендіру үшін жаңа тәсілдер мемлекеттік органдармен пысықталды», – деген болатын.

Алдымен төменгі жалақының көтерілуіне ықпал еткен инфляцияға тоқталайық. Мұндай өзгеріске не түрткі болуы ықтимал? Әрине, әлемдік саяси оқиға, валюта бағамы, экономикалық көрсеткіштер секілді себеппен жақын таныспыз. Алайда мәселе тым әріде секілді. Мамандар жағдайдың мұнша құбылуын азық-түлік бағасының қымбаттауымен түсіндіруде. Олардың айтуынша, тауар айналымы, экономикалық саясаттың жүйесіздігі мәселені ушықтыра түскен. Тіпті, биыл Үкімет ннфляция деңгейін бақылау және төмендету бойынша 2022-2024 жылдарға арналған шаралар кешенін қабылдағанымен нәтиже аз. Тіпті, жобада көрсетілген ішкі нарықта отандық тауарларды көбейту, антимонополиялық реттеу, бөлшек сауданы қолдау, сауда инфрақұрылымының тиімділігін арттыру ісі көңіл қуантқанымен, іс жүзінде кәдеге аспай келе жатқанын жасыра алмаймыз. Ол аздай, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының үстемесі 15 пайыздан асырмауын қадағалау да кемшін түсіп отыр. Міне, осы талаптар тыңғылықты орындалмағандықтан баға аспандап, бағам түрленіп отыр. Ал нарық бағасы көтерілсе, жалақының жетіспеуі түсінікті.

### МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ

Бүгінде азық-түлік бағасын оңтайландыру, олқылықтың келер жылы да қайталанбауы үшін мемлекет қарқынды ізденіс үстінде. Бұл орайда «Әлеуметтік әмиян» көмекші құралға айналатындай. Себебі Үкімет әлеумет¬тік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуға жұмсалатын шығынның бір бөлігін қайтару үшін «Әлеуметтік әмиян» механизмін енгізуде.

Сондай-ақ тұрғындарды ақшалай емес қолдау шаралары да жоспарланыпты. Мәселен, Астана қаласы бойынша 2 жоба жүзеге аспақ. Олар – жалпы білім беретін мектеп оқушыларының кейбір санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру, сондай-ақ азаматтардың кейбір санаттарына дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды әперу. Бұл ретте Үкімет әлеуметтік көмекке аса мұқтаж отбасыларды анықтап, дер кезінде мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында Отбасының цифрлы картасы мен «Әлеуметтік әмиянды» интеграциялауды көздеп отыр.

Әрине, халықты қолдау, қаржылай қиындықты шешу жолының бірі – жұмыспен қамту. Егер азаматтарда тұрақты жұмыс болмаса, базар бағасы қанша құбылғанымен пайда шамалы. Табыс ғана талап қоюға мүмкіндік береді. Бұл орайда мемлекет халықты, әсіресе жастарды тұрақты жұмысқа орналастыру, қолайлы жалақы беруге құлықты. Себебі мұндай қолдауға зәру азаматтар аз емес. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылы 15 жастан жоғары жұмыс күшінің саны 9,3 млн адамды құрапты. Бұл – халықтың жалпы санының 69,3 пайызын құрайды деген сөз.

«Еңбекақы төлеудегі айырмашылықтар орындалатын жұмысқа және кәсіпорындардың экономикалық қызмет түрлеріне байланысты ерекшеленеді. Еңбекақының ең жоғары мөлшері тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда – 503 930 теңге, ең төменгісі – ауыл, орман және балық шаруашылығында – 150 705 теңге болып белгіленді», - делінген Ұлттық статистика бюросының ақпаратында.

### ЖАЛАҚЫҒА ЖАРЫСАҚ

2023 жылдан бастап тек ең төменгі жалақы мөлшері ғана емес, белгіленген сала қызметкерлерінің де еңбекақысы көбеймек. Олардың қатарында өрт сөндірушілер, мұғалімдер, дәрігерлер және жекеменшік кәсіпкерлік саласы да бар. Мысалы, келер жылдан бастап өрт сөндірушілердің ең төменгі жалақысы 180 мың теңге болады. Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильиннің айтуынша, үш жыл бұрын өрт сөндірушілер 65 мың теңге жалақы алған болса, биыл жұмысқа енді кірген маманның ең төменгі жалақысы 110 мың теңгеге жеткен.

Ал онсыз да жалақы мөлшері жоғары саналатын балабақша тәрбиешілері, мектеп пен колледж мұғалімдері, қосымша білім беру жүйесі мамандарының жалақысы тағы 25 процентке ұлғаяды. Жалақыға біліктілік санаты, магистратураға, пәндерді ағылшын тілінде оқытқаны, дәптер тексергені, сынып жетекшілігі мен тәлімгерлік қызметі үшін қосымша ақы да белгіленеді. Сондай-ақ дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне сабақтан кейін қосымша спорт секциясын өткізгені үшін ай сайынғы қосымша ақы төленеді.

Жағымды жаңалықты денсаулық сақтау министрлігі де сүйіншіледі. Сала басшысы Ажар Ғинилт 2023 жылға қарай дәрігерлердің орташа жалақысы 550 мың теңге болатынын айтқан болатын. Ол «2021 жылдың қаңтарынан бастап 247 мың медицина қызметкерінің жалақысы өсті. 2022 жылдан бастап дәрігерлердің жалақысы 30 пайызға, орта медицина қызметкерлерінің табысы 20 пайызға артты», – деді министр.

Айтуынша, биыл дәрігерлердің орташа жалақысы 421 мың теңгеге дейін жеткізілді. Орта медицина қызметкерінің жалақысы шамамен 235 мың теңгені құрады. Ал келер жылы дәрігерлердің орташа жалақысы шамамен 561 мың теңге болады деп жоспарланған. Осылайша 2023 жылға қарай экономикадағы орташа жалақыдан екі есе көп болады.

Жалақы мәселесі әлеуметтік қызметкерлерге де оңтайлы мүмкіндік болмақ. Себебі келер жылдан бастап әлеуметтік қызметкер мәртебесі көтеріліп, жалақысы артады. Бұл туралы жуырда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ербол Оспанов хабарлап, мақсаттың орындалу алгоритмін баяндады.

«Әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесін нақтылап, жалақысын арттыру – күн тәртібіндегі мәселе. Қазір бізде халықты әлеуметтік қорғау бойынша 5 топ жұмыс істеп жатыр. Соның бірі әлеуметтік қызметкерлердің жағдайын қарастырады. Ол жерде мәртебе беру және жалақыны арттыру, сол сияқты әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін көтеру қамтылады. Сонымен қатар, олардың міндетіне кірмейтін функцияны алып тастау мәселесі тұр», – деді министр.

Иә, ең төменгі жалақы мөлшерінің артуы, кей сала мамандарының еңбекақы көрсеткішінің көтерілуі көңіл көншітеді. Бұл халық әлеуметтік мәселені шешуге, жаңа мүмкіндік пен жаңа қаржылық жоспар құруға еркіндік сыйлары сөзсіз. Алайда көп қуанған қуанышты азық-түлік бағасының тұрақсыздығы бұзуы ықтимал. Сондықтан халық мемлекет жалақыны көтеріп ғана қоймай, нарықтағы баға саясатын да қаперден шығармауы қажет деген пікірде.

**Берен ШАҒЫРОВ**



# Жүктілікті жоспарлау: Ұрпақ саулығы – құрсақтан



Ерлі-зайыптылар арасында балалы болу мәселесі жиі көтеріледі. Ол бір перзентке зар болып жүргендер арасында да, көпбалалы отбасына да кездесетін жайт. Сондықтан бүгінде «бала жоспарлау» түсінігі кең тарауда. Осыған орай аталған ойдың өзегін танып, бағытын анықтау үшін тақырыпты тарқату жөн секілді.

Қазіргі таңда «Ұл-қызым бар, әзірге нәрестелі болуды жоспарлап жүрген жоқпын» деген әңгімені жиі естиміз. Естісек те мәселенің астарына үңіліп қарамайтынымыз анық. Адамдар неліктен осындай ұстанымға келеді? Қандай жайт аталған шешімге әкелуі ықтимал? Міне, осы сауал басты орында болу қажет секілді. Себебі қаржылық қиындық, отбасылық жанжал, болашаққа деген сенімсіздік аталған олқылықты ушықтыра түсетіні бар.

Алдымен қаржылық қиындыққа келейік. Рас, көбі баланы қалай асыраймын деген үрейді бастан өткереді. Әрине, «Әр сәбидің өз несібесі бар» деген наным қазақ санасына сіңгенін ескерсек, бұл жай қорқынышты көрінбес. Алайда жалақының жарымы азық-түлікке кететін әлеуметтік деңгей аналардың алаңын күшейтіп отыр. Отбасындағы жанжал, ерлі-зайыптылардың ажырасуының негізгі себебінің бірі де осыған саяды. Оған қоса күн көру амалымен баланы үйге жалғыз қалдырып, өзі жұмысқа кететін ата-ана қаншама. Неге дейсіз? Әрине, жетіспеушілік себеп. Пәтерден-пәтер жағалап 5-6 баланы асырау кімге болмасын оңай емес. Сол себепті етек-жеңін жинап алғанша балалы болуды қаламайтындардың қатары көбеюде.

Сонымен қатар, ғалымдар дені сау ұрпақ өсіру үшін ана денсаулығын қадағалауды ұсынады. Яғни, жүктілік әйелдің өміріне қауіп төндірсе, бала мүгедек болуы ықтимал болса, анасы келесі баланы көтеруі үшін ағзасы біраз демалуы қажет болса, аталған қадамға баруға болады екен.

Писхолог Табиғат Қаутай баланы жоспарлау қажеттілігін жоққа шығармайды. Бірақ оның белгілі бір шарттары бар екенін алға тартады. «Мәселен соғыс, ашаршылық, финанстық, әлеуметтік қиыншылықтар, бала асырай алмайтын жағдайлар болған кезде кейінге қалдыруға болады. Имамдар мұны жоққа шығармайды. Бірақ біз қауым ретінде бұған әлі жеткен жоқпыз. Талай мәреден өтіп, оқып, зерттеп өзімізді дамыту керекпіз. Бұл үй салу секілді. Дизайнға ұқсас нәрселер. Оған жету үшін алдымен фундамент құю керекпіз», – дейді ол.

Акушер-гинекологтардың айтуынша, жүтілік өз еркімен және жақсы жоспарланған болуы керек. Мұндай тәсіл ана мен баланың денсаулығына төнетін қатерді барынша азайтады. Жүктілікті жоспарлаудың мақсаты ерлі-зайыптылар, бақытты ата-ана болуға және дені сау баланың дүниеге келуіне мүмкіндік береді. Кей аналарға демалыс керек. Психикалық және психологиялық тұрғыда да. Араға бір жыл салу тым аз екен.

«Менің бір қызым бар. Қазір ол кішкентай. Отағасы екеуміз ақылдаса келе, араға 5 жыл уақыт салуды дұрыс деп шештік. Мәселе қаржыға келіп тірелмейді. Студент атанамын дегенше өзіңе жаңа пәтер алып беруді мақсат етіп отырмыз. Бәрі уақыт еншісінде. Өзім көпбалалы ана атанып, балаларыма азық-түлік алуға ақша таппай, балаларымды қинағым келмейді. Баланы өмірге әкелу үлкен жауапкершілік. Ата-ана перзентін қамтамасыз етіп, ешкімге тәуелді қылмау керек. Бұл үшін де балалы болуды жоспарлағанды жөн деп санаймын. Менің пікірімді көп ата-аналар құптамасы анық» – дейді Айгүл есімді бойжеткен.



***P.S.** Әлеуметтік желіге «баланы жоспарлы түрде көтеруге бола ма?» деген сауал жолдадық. Бірқатар сайтты шолып шықтық, өзімізге қажеттісін тандадық. Алайда бәрінің түйіні бір. Үйленіп, дүниеге перзент әкелу – әркімнің түйсігіндегі табиғи құбылыс, еркі, ерлі-зайыптылардың қалауы. Сондықтан қандай қадамға барсақ та жауапкершілік пен болашақты ойлағанымыз абзал.*

**Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА**

# ҚАЗАҚША ДУБЛЯЖ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА




Аз ғана уақыт ішінде даңққа да, дақпыртқа да ие болып үлгерген қазақша нұсқа несімен ерекше? Дубляжға көрерменнің көңілі толды ма? Туындының адамзат баласына сыйлайтын әсері қандай? Джеймс Кэмеронның ғылыми-фантастикалық фильмі Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен дубляждалған. Дубляж режиссері – Шах-Мұрат Ордабаев. «Біздің басты мақсатымыз – қазақ киносын, қазақ дубляжын дамыту, қазақ тіліндегі аудиторияны кеңейту. Әлеуметтік желіде көптеген азаматымыз фильмді қазақ тілінде көруге шақырып жатыр. Сіздердің табандылығыңыз мемлекеттік тілдің өсуіне ықпал етеді деген ойдамын. Әлемдік деңгейдегі фильмдердің қазақ киносында орны бар екені анық. Министрлік алдағы уақытта да бұл жұмысты жалғастыратын болады. Әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті бола отыра қазақ киносын да әлемдік тілде шығару – басты мақсатымыз», – деді мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов.

Айта кетейік, фильмді дыбыстауға 300-дей дубляж актері еңбек еткен. Бас кейіпкер Джейк Саллиді – актер Қобыланды Болат, Зои Салдананы – Шехназ Қызықанова дыбыстайды. Сонымен қатар дыбыстауға кішкентай балалар да қатысқан.

– Мен Кири есімді кейіпкерді дыбыстадым. Ол – өте батыл, мінезді қыз. Екеуміз ұқсаймыз. Дубляж жасау қиын болған жоқ. Бір күнде жазып шықтық. Режиссеріміз нені қалай істеу керек екенін түсіндіріп отырды. Негізі бұл менің алғашқы жұмысым емес. Бес жасымнан бастап дыбыстап жүрмін. Атап айтқанда, «Ойыншықтар хикаясы – 4», «Моана», «Мұзды өлке – 2» сияқты анимациялық фильмдердің дыбыстауына қатыстым, – дейді кішкентай Нұрай Сәдуақас.

Фильмнің қазақша дыбысталуына сын жоқ. Себебі қазақша дубляж сұранысы жоғары, бюджеттік табысы мол сала болмағанымен, әлемдік туындыларды қазақша сөйлетіп жүрген әртістер жоқ емес. Ендеше, көрермен арасында дау тудырған қандай мәселе? Бұл – кинотеатрлардың «қазақша» сөйлейтін туындыларды күніне бір рет қана, ыңғайсыз уақытқа қоюы, бағаны шарықтатуы. Әрине, маркетинг дәуірінде кинотеатрлардың да аты шығып, атағы жоғарылағанның бәрін ақша табуға пайдаланып қалатыны заңдылық. Ал уақыт жағы шынымен қоғам тарапынан көп талқыға түсіп, әлеуметтік желіде министрдің өзі жауап берген болатын.



13 жылдан кейін шыққан «Аватар 2» фильмінің көрсетілу кестесіне жаппай шағымданған жанкүйерлер фильмнің қазақ тіліндегі көрсетілімі күніне бір рет және көпшіліктің қолы босамайтын түскі уақытта қойылғанын назарға алған. «Қазақ тілінде бір жылда бір-екі фильм ғана шығады. Бірақ оның өзін қолайлы уақытта көре алмайсың» деген желі қолданушыларына мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев пікір білдірді.

«Аватар: Су жолы» фильмін ел азаматтары қазақ тілінде тамашалай алуы үшін Мәдениет және спорт министрлігі бастамашылық етіп, Disney студиясымен бірігіп, үлкен жобаны қолға алды. Жаңа блокбастерді қазақ тіліне дубляждап, барлық кинотеатрға берді.

Әлбетте, кинотеатрлар – бизнес субъектісі. Десек те, қазақтілді контентке қолдау көрсетіп, фильмді сұранысқа сай уақытқа қойған кинотеатрлардың тізімін, кинокестесін сіздерге ұсынамыз. «Аватардың» қазақ тіліндегі нұсқасына баруға шақырамын», – деп жазды министр.

– Қазақша дубляждың қаралымын қалай көтереміз? 15 желтоқсан кинотеатрға «Аватар: Су жолы» фильмінің қазақша дубляжы шығады. Қазақ көрермені, осы премьераны пайдаланып, дубляж нарығына ықпал ете аламыз.

Мәселе мынада: қазақша дубляжға көп жағдайда адам аз барады екен-мыс. Кинотеатр – жекеменшік кәсіп болғандықтан, сеанстарының уақытын сұранысқа қарай қояды. Мұны қалай шешеміз? Аватардағы На'Ви халқы айтпақшы, жатқан тастың астына су бармайды. Сондықтан көрсетілімнің қазақша нұсқасына барынша көп баруымыз керек. Қазақшаға сұраныс көп болса, «сыйласқанның суын іш» деп кинотеатрлар да көрерменнің қалауына қарай ыңғайластырады. Кинопрокатта бірінші апта аса маңызды, оның нәтижесіне қарап, екінші аптаның кестесін жасайды. Бірінші аптада бәріміз – отбасы, бала-шаға, көрші-қолаң, ауыл-аймақ боп «Аватардың» қазақша сеанстарына тойға барғандай жаппай ағылып барайық! Атам На'Ви айтпақшы: судың да сұрауы бар, сондықтан бүкіл кинотеатрға алдын ала телефон шалып, На'Ви тәрізді бәрін ана тілімізде сұрап, қазақша дубляжы нешеде, қай залда екенін анықтап, жоқ болса қосуын талап етіп, тыным бермей дабылдатайық (тек агрессиясыз). Әйтпесе, қазақ дубляжы суға кеткендей тал қармайды, – деп жазба қалдырды Qazaq Grammar парақшасы. Кейіннен саналы ой сапалы көрерменнің қолдауына ие болып, әлеуметтік желілерде кеңінен тарай бастады.

Журналист Үйтолған Жареке: «Аватарды» көрдік. Қызылордадағы киноплексте бір реттік қана қазақша көрсетілімі бар екен. Түнгі сағат 21:10-да. Уақыты кештеу болса да қазақша көрсетілімін таңдадық. Үш сағат зал сілтідей тынып, бір деммен қарап шықты. Билет таппай, амалсыз орысшасына алып жатқандарды да көз көрді. Керісінше егде жастағы апайдың: «Қазақша ма не?» деп менсіңкіремегенін де байқап қалдық. Бір кем дүние...

Уақыт арнауға, қарауға лайық туынды. Отбасындағы әкенің рөлі, ананың мейірбандығы мен қамқорлығы, керек жерінде перзенті үшін отқа ұмтылар жүректілігі қазақтағы отбасылық құндылықтарды меңзеп тұрған сияқты. Бір қанаты жұлынған алып балық. Оның мақұлықта болса мейірімділігі мен жақсылыққа жақсылықпен үн қатуы ой саларлық эпизод. Зұлымдыққа қарсы күресуі тілсіз табиғаттың буырқануы тәрізді. Блокбастердің шиеленісті сәтінде алып балықтарды аяусыз қырған пайдакүнемнің бір қолының жұлынып кетуі ешкім де, ештеңе де сұраусыз қалмайды дегенді нықтап тұр. Аударма да, дубляж да ұнады. Кішкентайларға да әсер сыйлайды. Шыққан соң ұлым: «Мама, ғаламшардың ең жауызы адам екен ғой» деді. Үндемедім. Рас қой бірақ», – дейді дубляждалған туынды туралы.

Қалай десек те, қазір көрерменнің сұранысы қандай болса, соған сай туындылардың көптеп көрсетілетіні, бағаның да соған сай өзгеретіні қалыпты құбылыс. Баға қымбат дейміз. Егер қазақша дубляжға сұраныс артып, екі күннің бірінде көрсетілсе, ондай болмас еді. Ақырында қазақша дубляждың да, қазақ тілінің де тағдыры өзіміздің қолымызда екені анық.



# «КЕЛІНЖАННЫҢ» ТАБЫСЫ – 500 МЛН ТЕҢГЕ

**Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, кино өндірісі – миллиардтаған табыстың көзі. Әрине, өнер ақшамен өлшенбейді. Дегенмен бір сериал арқылы бүкіл ұлттың экономикасы мен идеологиясын жарнамалап отырған елдер жетерлік. Осы орайда соңғы жылдары «Хабар» телеарнасының хит контентіне айналған «Келінжан» сериалының жетістіктері мен сценарист Гүлнұр Мамасарипованың кино өндірісіне қатысты айтқан мәселелер жайлы сөз етпекпіз.**

**«Хабардың» тапсырысымен 2018 жылдан бері түсіріліп келе жатқан телехикаяның осыған дейін барлығы 4 маусымы көрерменге ұсынылды. Сериал қазақ ауылының қарапайым бір отбасындағы Күләш апа мен келіндерінің, әр буынның арасындағы қарым-қатынасқа құрылған. Телеарна эфирінде де, youtube желісінде де ең жоғары рейтингке ие болып үлгерген телехикаяның қаралымы 180 миллионнан асады.**

## ӘР ӘЙЕЛДІҢ БОЙЫНДА АЙСАРА БАР

Сериалдың қаралымын көбейткен – сіз бен біз, әр үйдегі қыз-келіншектер, қарапайым қазақ көрермені. Миллиондаған қаралым жинаған сериалдың түсірілуіне, сценарийдің негізгі идеясына не түрткі болды? Сценарист, режиссер Мамасарипованың айтуынша, аталған туындыны түсіруге кезінде ұлттық арнадан бірнеше жыл бойы көрсетілген үндінің «Келін» телехикаясы себепкер болған. «Келінжанды» түсіргенімізге Ананди кінәлі. Бір кездері бар қазақ жабылып, үндінің бітпейтін 300-400 бөлімді сериалын көрді. Сонда мен ерекше сюжеті жоқ, жарқ-жұрқ еткен сериал неге қазақтың аудиториясына сонша жақын болды екен деп ойладым. Кейін келін мен ене, отбасы тақырыбы шығар деп түсіндім. Біз неге өзіміздің қазақтың келінін көрсетпейміз деген ойдан өзіміздің сериал туындады», – дейді сценарист. Осылайша үнді сериалына қатысты сұрақтан туған идеясын қағазға түсіргенімен, басшылық тарапынан бірден мақұлданбай, қазақтың келіндері туралы сериалдың сценарийі екі жыл сөреде шаң басқан қалпында сақталған. Себебі ол кезде «Келинка тоже человек», «Келинка Сабина » деген сынды коммерциялық жобалар көптеп шығып кеткен еді. Режиссер өз идеясының аталған туындылардан басқа екенін түсіндірген. Басшыларға бұл басқа дүние, қазақтың келіні, қазақтың өмірі, отбасы туралы екенін айтып, нәтижесінде екі жылдан кейін ғана мемлекеттік арнаның контенті ретінде бекіткен екен.

«Келінжанның» көрерменнің ыстық ықыласына бөленуінің сыры неде? «Өзімнің ойымша, «Келінжанда» барлығы шынайы. Біз қиял-ғажайып ештеңе қоспадық. Өзім ата-әженің қызымын. Анамды қосқанда бес келіннің тіршілігін көріп өстім. Ауылымызда әр үйде бір ене болды. Кішкентай кезімнен адамдарды зерттейтінмін. Осы «Келінжанды» түсіргенде сол қасиетім жақсы пайдасын берді. Себебі, әр кейіпкерім жиынтық образ болып шықты. Әлеуметтік желіде келген хаттарды оқып отырсам, «Айсара тура жеңгем сияқты, Балқия мамама ұқсайды» деген хаттар көп келеді. Оның себебі әр әйелдің бойында Айсара да, Балқия да, Асылым да өмір сүреді деп айтар едім. Сондықтан «Келінжан» шынайылығымен, кейіпкерлерінің табиғатымен ерекше ықыласқа бөленді», – дейді режиссер.

## БАС КЕЙІПКЕРЛЕР 5 МИЛЛИОННАН КЕМ АЛМАЙДЫ

Маусым сайын көрерменді ынтықтыра түскен сериалдың соңғы 40 бөлімінде актерлердің гонорары біраз көтерілген. «Сериалдың бас кейіпкерінің бірін сомдаған Дариға Бадықованың гонорары қызық болса, өзінен сұраңыз. Жалпы «Келінжанның» төртінші маусымындағы бас кейіпкерлердің гонорары өте жақсы. Екі кішкентайдан басқасының гонорары 5 млн теңгеден кем емес. Олар енді 2-3 айлап жүрмейді ғой. Түсірілім уақыты көбейсе, сериалға кететін қаражат та артады. Шамамен 20-25 күндей түсірілім болады. Өзіңіз есептеп көріңіз, жалпы гонорарды уақытына бөлсек, күніне 200 мың теңгеден кем емес. Бізде одан да қаламақысы жоғары актерлер жеткілікті. Күніне 1000 доллар  алатындар бар», – деді продюсер бір сұқбатында.

Иә, алғашқы маусымдарда телехикая 15-20 серияға созылса, төртінші маусымда көрерменді бірден 40 сериямен қуантты. «Келінжанның» алғашқы 3 маусымын түсірген сайын өтпей қалса не болады деп ойлайтынмын. Соңғы маусымда 40 серия бердік. Сериалдан түскен таза пайда – 500 миллион теңге. Жалпы 4 маусым «Хабар» арнасының ютуб каналында 180 миллионнан аса қаралым жинағанын да айта кетейін.

«Astana media week – 2022»  форумы барысында режиссерларға ақша жетпейтінін сөз еттім. Жеке өзімнің сериал нарығында жүргеніме он жылдан асты. Әр түрлі кезеңде сериал түсіріп келемін. Бірақ бюджет – барлығында бірдей. Инфляция өседі, доллардың курсы жоғарылайды, бірақ киноға бөлінетін бюджет баяғы бөз қалпында. Телеарналардың тапсырысы бойынша түсірілсе де, кейде 5-6 миллионнан артық ақша бөлінбей жатады. Кино саласында жүрмеген адам түсінбеуі мүмкін. Сериал үшін 5-6 миллион деген ештеңе емес. Алайда режиссер, сценарист ретінде өзім айналысып жатқан дүниеге деген махаббатымнан болар, кино түсіру үшін кредит алған кезім де болды. Керек болса қарыз да аламын. Себебі бастаған істі аяғына жеткізу, қағазға түскен дүниені экранға ұсынып, жан беру, әртістік құрамды ұйымдастыру оңай дүние емес. Бірақ «бастадың ба, қорықпа, қорықсаң, бастама» деген ұранмен өмір сүремін», – дейді ол.

## НЕГЕ 5 МАУСЫМЫ ТҮСІРІЛГЕН ЖОҚ?

Кез келген сериалдың, туындының сәтті шығуы – оның адамдарға сұрақ қоя білуінде, актерлық құрамының жақсы болуында ғана емес, «тәттілігін» жоғалтып алмауында. Өз уақытында басталып, өз уақытында бітуі ерекше маңызға ие. Дегенмен жақсы қаралым жинап, арнаға да, режиссер мен актерларға да табыс әкелген сериалдың 5 маусымы неге түсірілмеді? Әлде өзіндік себептері бар ма?

– Көрерменнің көңілінен шыққан, сұранысқа ие телехикаяның жалғасын түсіру өте қиын. Өйткені көрермен бұрынғыға қарағанда қызығырақ дүние күтеді. Сондықтан да сиквел түсірмес бұрын түрлі техникаларды ойлап табу қажет. Оның үстіне төртінші маусым 40 сериядан тұрады. Айта кетейін, бірінші маусымда 25 серия, екінші және үшінші маусымда 15 сериядан түсірілді. 40 серияға азық болатын сюжет ойлап табу да оңай болған жоқ. Продюсер ретінде алдымен кино нарығын, әлеуметтік платформаларды зерттедік. Соңғы кезде комедия жанрында көрерменнің ықыласына бөленіп жүрген актерлерді іріктеп алдық. Содан кейін соларға шақ рөл жазуға тырыстық. Ал «Келінжанның» тұрақты кейіпкерлерін үйреншікті образдарында қалдырдық және негізгі құрамды 100 пайыз сақтап қалдық. Шынымды айтсам, бұл оңай болған жоқ… Ұзақ келіссөздердің нәтижесінде бір мәмілеге келдік. Оның себебі көп. Қаржылық, адами, кәсіби деген сияқты. Көрерменге кадрдың сыртындағы дүние маңызды емес. Олар сүйікті кейіпкерлерін көргісі келеді. Осы тұрғыдан алғанда, қандай да бір амбицияны ысырып қойып ымыраға келуді ғана мақсат еттім. Нәтижесінде, шығармашылық ұжым ортақ мүдде үшін жұмыс істедік.

Тіпті, көрермен төртінші маусым шықпай жатып, «бесіншісін» сұрап кетті. Алайда сериал осымен тәмам. Қыркүйектің басында эфирге ұсынылса, қарашада толықметражды фильм үлкен экранға жол тартты. Осылайша, бес жылға созылған «Келінжан» хикаясы мәресіне жетті. «Келінжан» – менің продюсерлік жобам ғана емес. Осы туындының авторымын. Әр образды ойлап тауып, үш келіннің атын қойып, киімін кигізіп, шашын тарап, бетін бояп, орамалын тартқызып, күйеуін таңдап, енесін сайлап бергем. Аллаға шүкір, менің түсінігімдегі қарапайым қазақ отбасын халық тек қабылдап қана қоймай құшағына алып, қошеметіне бөледі. «Көрермен көзайымы» номинациясын ресми алмаса да, халықтың сүйікті киносына айналды. Оған ешкімнің таласы жоқ шығар. Бірақ кез келген дүниенің басы мен аяғы болады. Көрермен алдағы уақытта өзге де қызықты жобалар арқылы қауышамын деген ойдамын, – дейді сценарист.

**Бетті дайындаған Дина БӨКЕБАЙ**

# КІТАП ОҚУ КИНОДАН ҚЫЗЫҚ

**Көптеген адамдар қазіргі күнде кітап оқығанға қарағанда кино көре салғанды, романды толығымен оқып шыққанша оның желісінде түсірілген қысқа, не толық метражды фильмді көруді таңдайды. Қазіргі заман тенденциясы осы деп қарасақ, бұл қылық ақылға қонымды көрінеді, алайда, кітап оқитын адамдардың ойы ұшқыр, қиялы жүйрік келетінін көбісі біле бермейді. Оның құпиясы неде екен?**



Кино көргенде адам алдына дайындап берген сюжет, көріністер ғана көрерменге ұсынылады. Бәрі дайын, ештеңені қиялдаудың керегі жоқ. Ал кітап оқыған несімен қызық?

Алдында ғана Гарри Поттер кітабын оқып отырғанда, жатар алдында он шақты бетін көз жүгіртіп оқи салайын деп ем, түнгі сағат екіге дейін қалың кітаптың ортасына қалай жеткенімді өзім байқамай қалыппын. Есіл дертім: “Гарри мен оның достарына енді не болады? Көк көзді, көзілдірік таққан бала Гарридің түрі қандай екен? Оқуда үздік, аса еңбекқор, жауапкершілігі жоғары Гермиона ше? Олардың мектебі Хогвартстың іші кітапта суреттелген әрбір деталімен алып қарағанда қалай болады екен?” деген сұрақтар. Соның арқасында мен бәрін көз алдыма елестетіп, оқиғаны өз миымда өрбіттім, қиялдың нәрімен сусындап жүрдім.

Кітапты толық оқып шыққан соң ғана фильмді көрген болатынмын. Сөз жоқ, фильмді керемет алған. Голливудтың әрбір жұмысы адамды бей-жай қалдырмасы анық, бірақ кітапты оқып шыққан адам ретінде көрген фильмге іштей күйіндім. Өзімнің жадымда қалған ерекше сәттердің кейбіреуі көрсетілмегенін, кітап оқығанда алған эмоцияларды фильмнен ала алмағаным мені қынжылтты. Әрине, екі сағаттық фильмге қалың кітаптағы барлық сәтті сыйдыру мүмкін емес, бірақ сезімнің түйіні, кітап оқығанда кино көргенге қарағанда айтарлықтай айырымы бар сезімдер кештім.

Кітапты оқыған адамдардың әңгімелескенін көргенде, булар шынымен бір кітап оқыған ба деп қаласың. Бірдей кітап оқығанмен, әркім оны әрқалай елестетіп, соңында әртүрлі күй кешіретіні айдан анық.

Кейде фильм көргенде бір кейіпкерге еліктеп, бірақ бір жері ұнамай қалғанда одан көңіліміз қалатыны болады. Мысалға айтар болсақ, актердың рөлді толық аша алмауы, кейіпкерге мүлдем сәйкес келмеуі және тағы басқа. Ондай сәттер кітап оқыған кезде мүлдем кездеспейді деуге болады, себебі өз қиялыңда адам бәрін өзіне ұнайтындай етіп жасайды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, кино көру – заманауи адамның өмірінің ажырамас бөлігі, алайда дәстүрлі кітап оқуды да тастамаған жөн. Кітап оқу арқылы адам тек өз қиялын дамытып қана қоймай, белгілі бір жағдайға қатысты өз пікірін, көзқарасын қалыптастыра алады. Маңызды жерлеріне тоқтап, өзіне керегін ала алады. Кітап – қай заман болмасын, адамның тұлғалық дамуының басты шарттарының бірі.

Расында, кітап па, кино ма? Бүгінгі күннің бетпердесі ашылған ең өзекті мәселенің бірі осы. Яғни ғасырлар тоғысында туындап отырған үлкен проблема десек те болады. Олай деп айтып отырған себебіміз, қазіргі жастардың кітап орнына кино көріп, айранның орнына вино ішіп жүргендігі. Буыны қатайып үлгермеген бұл буын өкілдерінің алдағы келешегі не болмақ? Сол туралы ойланып көрелік...

Әрине, бір кітапты бір киноға сыйдыра алатын талант шеберлері жетіп артылады. Кез келген кітабыңыздың әңгіме желісі қызықты да қызғылықты болса, онда бір кино кинотеатрға шыққалы тұр деп ойлай беріңіз. Алайда, сол киноңыз бір кітаптың бар міндетін бір бойына сыйдыра алмай жатса ше? Әңгіме осы жерден туындайды. Сіз қанша әдемі, тартымды кино көріңіз, сізге кітап сыйлайтын немесе сыйлай алатын құндылық пен мәдениетті тарту ете алмайды. Бұл турасында дауласып, жаға жыртысудың да қажеті шамалы. Мәселен, өзіңіз көріп шыққан он кино мен жақсылап оқып шыққан бір кітаптың ара-қатынасын саралап, әділ бағасын беріп көріңізші?! Жо-жоқ, өз-өзіңізді алдап, әйтпесе, жеңілмеудің тасасында қалып қалу жарамайды.





Шындығы осы, теледидар алдында шалқайып, қанша кино көріп жатсаңыз да, мейлі, отырсаңыз да сөздік қорыңыз бен тіл-орамыңызды жақсарта алмайсыз. Керісінше, жағымсыз кейіпкерлер мен анайы сөздер жаныңызға жақын барып алып, көп уақытқа дейін ой-санаңызды улап жүреді. Ал кітап оқып отырсаңыз, о, керемет, ғажап көріністер мен жазушы жеткізе алған оқиға желілері сізді басқа әлемге ертіп алып кетеді. Сол жақта сіз жақсы кейіпкердің істеген іс-әрекетіне бір сүйсініп, қапыда кеткен сәттерінде тісіңізді бір қайрап, кітап соңына дейін әлгі бас кейіпкермен (мейлі, ол әйел баласы болсын, ер адам болсын) тілектес болып шығасыз. Және көп уақытқа дейін өзіңізге мұңдас пен сырлас тапқандай күй кешіп жүретіңіз де өтірік емес.

Бар мінді киноға артып, қаралай беруге де болмас. Өйткені, киноның кітаптан артық бағаға ие болуы үлкен еңбектің арқасы. Және заманның ыңғайы мен арман-тілегін осы жерден көруге болады. Өздеріңіз білетіндей, адам баласына тұрақтылық жаға бермейді. Жаңаны көргісі, жақсыны білгісі келеді – адам баласының бар ғұмыры осымен өлшеніп жатады. Ең бастысы, жарнама!

Қорытынды мынау, кітап пен көркем әдебиетті қалдырмай оқып шығып, артынша шығып жатқан киноны көріңіз. Сонда барып салыстыра да, бағамдай да аласыз.

---

# Bookcrossing: АУЫЛҒА КІТАП АПАРДЫ



Бүгінде жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана», – деген нақылы мәнін жоғалтпас ұстанымға айналды. Білімсіз күн жоғын, ізденіссіз ізгіліктің келмесін түсінген жас буын оқуға құмартып, құндылықты сезінуге құлықты. Содан болар, сұраныс артып, саладағы олқылықтың біріне айналған кітап қоры мәселесі де күн тәртібіне көтерілген еді. Аталған мәселені шешу үшін мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, бағдарламалар қолға алынғанымен түбегейлі шешім табу мүмкін болмай келеді.

Бұл орайда кітап қорын көбейтуге, кітап оқуға қоғамдық пікір мен азаматтық ұстаным өз әсерін тигізетіні айтпаса да түсінікті. Әсіресе, бірлескен жобалар нәтиже беріп, бастаманың жастар тарапынан қолдау табуына итермелейтіні бар. Осыған орай жуырда Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ұжымы ауыл мектептеріне кітап тарту етті. «Қолдайық ауыл мектебін» ұранымен Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектеп аудан мектептеріне 500-ге жуық кітап сыйлап, оқырманмен байланыс бағытын күшейтті.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармалар мен танымдық энциклопедиялардан құралған кітаптар қоры Қазалы ауданы Кәукей ауылындағы №225 қазақ орта мектебіне және Сырдария ауданы Қалжан Ахун ауылындағы білім ордасына үлестірілді. Бұл әдебиеттерді зияткерлік мектеп қауымдастығы NIS-тің Bookcrossing жобасы аясында белсенді жинап, ауылдағы достарына тарту етуді жөн көрді.

– Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылады. Соның бірі – Bookcrossing. Оқушылар, ұстаздар мен ата-аналар өздері оқыған сүйікті кітаптарын алып келді. Бұл әдебиеттер оқушыларға ұнайды және алдағы уақытта кітапханадан алып, оқиды деп сенеміз. Күнделікті 10 минут уақытты кітап оқуға арнасақ, жылына бірнеше кітап оқып шығуға болады. Ол арқылы білім көкжиегіміз кеңейтіп, сөздік қорымызды арттырамыз, – дейді мектеп директоры Жаңбыржан Сәрсенұлы.

Екі білім ордасының кітапхана сөрелерін 200-ден астам отандық және әлемдік бестселлермен толықтырған NIS ұжымына мектеп шәкірттері ерекше алғысын білдірді. Қалжанахундық өрендер Зияткерлік мектептің кітапханашысы Бағдат Төлепбергенова жүргізген тренингте тіпті ас мәзірін әзірлеп, алғашқы оқитын шығармаларын жіктеп алды.

– Өте құнды әрі пайдалы әдебиеттер жинақталған екен. Енді әлем классиктерінің туындыларын қазақ тілінде де оқи аламыз. Және өз әдебиетіміздің озық шығармаларынан рухани азық аламыз, – дейді №126 орта мектептің оқушысы Талшын Төребекова.

Айта кетейік, NIS желісінде жастарды кітап оқуға баулу мақсатында көптеген жобалар іске асырылып келеді. Атап айтқанда, «Оқушыларға ұсынылатын 100 кітап», «Readx», «Readingtime» және «Руханият» оқырмандар клубы. Қос мектептің ұжымына зияткерлік кітапханашылар алдағы уақытта ынтымақтастықта жұмыс істеп, әдістемелік қолдау көрсетуге әзір екендігін жеткізді.

---

**Біреудің жеткен жетістігі таңғалдырумен қатар, қанаттандыратыны анық. Сондықтан мотивацияңыз төмендеген кезде табысқа кенелген адамдардың жазғанын оқып тұрған жөн.**

# «ҚОҚЫСТАН ТАБЫЛҒАН МИЛЛИОНЕР ҚЫЗ»: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МОТИВАЦИЯЛЫҚ КІТАПТАРДЫ БІЛЕМІЗ БЕ?



**«Екінші болма», Қуаныш Шонбай**

Белгілі ресторатор, Rumi Group-тың негізін қалаушы бүгінде Shonbay.Online деген онлайн университет ашып, дәріс өткізіп, көп жасты қанаттандырып жүр. Қуаныш Шонбайдың бұл кітабында «Өзіңді қалай дамыту керек?», «Қандай фильмдер, кітаптар оқу керек?», «2,5 жылда 10 мейрамхана қалай ашуға болады?» деген сұрақтарға жауап бар. «Екінші болма» – жеңіске жетудің қазақша жолы. Ол қазақ тілді ортаның психологиясына ыңғайлы етіп жазылған. Кітап өзіңнің мықты тұсыңды анықтауға, өзіңді жеңуге және ақша тауып, жеке бренд қалыптастыру үшін әлеуметтік желінің күшін пайдалануға көмектеседі.

**«Күнкөрістен кет, байлыққа жет!», Бақытжан Бұқарбай**

Саясаттанушы, журналист, Amal Books баспасының жетекшісі Бақытжан Бұқарбай жазған бұл кітап Forbes тізіміндегі бизнесмендердің ең таңдаулы тәжірибесімен таныстырады. Яғни, бұл туындыны оқи отырып, сіз «бір оқпен бірнеше қоянды атасыз». Автордың сөзімен айтсақ, өз бетіңізше тәжірибе жинақтауға жұмсалатын уақытты 30 жылға дейін үнемдейсіз. Кітапта Шынар Бұғымбаева, Райымбек Баталов, Марғұлан Сейсембай, Арманжан Байтасов, Нұрлан Смағұлов, Елдар Әбдіразақов сынды бизнесмендердің тәжірибелері көрсетілген.

**«Қоқыстан табылған миллионер қыз», Ұлдана Ерқасым**

Кітаптың авторы Ұлдана Ерқасым – алғашқы миллионын 17 жасында тапқан қазақ қызы. Негізгі мамандығы – журналист. Бүгінде ол Dream Trips компаниясының белді мүшесі. Кітапта автордың балалық шағы, өмірде көрген қиындығы, алған сабақтары туралы әңгіме өрбиді. Ол осы туындысы арқылы оқырманды қандай жағдай болмасын мойымауға үндейді, тағдыр салған сынақтардан өтуге болатынына сендіреді.

**«Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгерт», Кәмшат Бекжігітова**

Психолог Кәмшат Бекжігітованың бұл туындысы аз ғана уақытта қазақ тіліндегі бестселлерге айналып үлгерді. Автор әлемдік психологтардың кеңестерін өзінің өмірлік тәжірибесімен ұштастырып, оқырманға ұсынған. Кітапта өзіңді бағалау, ойыңды өзгерту, кешіру, мақсатты айқындау, қарым-қатынасты жақсарту, сабырлы болу, денсаулықты сақтау сияқты тақырыптарға қатысты түрлі кеңестер айтылады. Сонымен қатар, алған білімін жүзеге асырысы келетіндерге арнайы практикалық тапсырмалар да бар.

**«Қош бол, қиындық!», Назила Слямқызы**

Ақын, жазушы, мотиватор, «Үй сатып алудың жолдары» жобасының авторы Назила Слямқызының бұл кітабы армандауды сүйетін жандарға арналған. Кітапта жалпы білім мен өмір сүрудің қарапайым қағидаларын байланыстыру арқылы арманды қалай мақсатқа айналдыруға болатындығы жазылған. Сондай-ақ, автор өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісе отырып, қандай қиындықтардан өткенін ашық айтады. Сол арқылы оқырманның сеніміне кіріп, мимен жұмыс істеудің қаншалықты маңызы барын жеткізеді.

*Бетті дайындаған* Ерсін ШАМШАДИН




Облыстық қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен «Сыр қоғамы – руханият бесігі» тақырыбында жылжабар шара өтті. Шараның мақсаты – аймақтағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қалыптастыру және атқарылған ауқымды істерді таркату.

# «СЫР ҚОҒАМЫ – РУХАНИЯТ БЕСІГІ»

«Достық үйінде» өткен салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, облыстық қоғамдық даму басқармасына қарасты барлық орталықтар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қоғам белсенділері мен БАҚ өкілдері қатысты. Басқосуда азаматтық қоғам институттарының жыл көлемінде атқарған жұмыстары, мемлекеттік тіл саясаты және тіл жанашырларының қатысуымен жүргізіліп жатқан іс-шаралар, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының даму барысы, мемлекеттік этно саясаттың жүзеге асырылуы, дін саласы бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстарының нәтижесі мен өңір жастарының әлеуетін арттыруға бағытталған тың жобалар сараланды.

Облыс әкімінің орынбасары алғы сөзін жылдың ел тарихында маңызды оқиғалармен есте қалатынынан бастады. Азаматтық қоғам институттарының, БАҚ өкілдерінің өтпелі тұста ел бірлігін нығайтуға ерекше атсалысқанына тоқталып, алдағы уақытта да олардың әлеуетін нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасатынын жеткізді.

– Өткеннің сабағы жаңа қоғамның табалдырығын аттап, баршамыздың ортақ үйіміз – Жаңа Қазақстанды құруға түрткі болды. Бастысы, ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Сол сындарлы сәтте Мемлекет басшысы халыққа арнап бірнеше үндеу жасап, жағдайды жан-жақты түсіндірді. Бұл ретте азаматтық қоғам өкілдері, журналистер халықты елдік мүддеге шақырып, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін, татулық пен тұрақтылықтың, тыныштық пен бейбітшіліктің қаншалықты маңызды екенін бұрынғыдан да белсенді насихаттады. Қоғамда тараған түрлі қауесеттің, жалған түсініктің қалыптасуына жол бермеді. Жалпы әлеуметтік саладағы, экономикадағы өзгерістердің тамырын дөп басып, қоғамдық-саяси ахуалға кері әсер ететін факторларды дер кезінде анықтап, талдау нәтижесін сауатты сараптағанда ғана жағдайға нақты баға беруге болады. Бүгінде әлеуметтік-саяси шиеленістің алғышарттарын анықтау үшін тұрақты мониторинг жүргізілуде. Өзекті мәселелер тоқсан сайын «Әлеуметтік шиеленіс ошақтары картасына» енгізіледі. Әлеуметтанушылар өңірде қолға алынған жаңа бастамаларға, өзекті түйткілдерге, қордаланған мәселелерге зерттеулерді ұдайы жүргізеді. Нәтижесінде облыс әкіміне қоғамдық даму басқармасы тарапынан 12 ұсыныс беріліп, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру үшін құзырлы мекемелер бірқатар тиісті шара қабылдады. Жүйелі жұмыс жалғасын табады, – деді Н.Сақтағанов.

Осылайша Н.Сақтағанов «Жаңа Қазақстанның» жасампаз қадамдары игілікті іске бастайтынын айта келе болашақты айқындайтын жауапты сәтте Сыр бойы жұртшылығының ерекше белсенділік танытқанын тілге тиек етті. Ендігі жерде қоғамды жаңарту – білімді, белсенді, талапшыл жандардың, әсіресе болашақ кілті – жастардың патриоттығына, іскерлігіне байланысты екенін нықтады. Сонымен қатар аймақтың қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын нығайтуда бірден бір ұйытқы – облыстық қоғамдық даму басқармасының биыл 20 жылдық белесті бағындырып, жаңа биікке қадам басқанын ерекше атап өтті.

Шара қорытындысында қоғамда белсенділік танытып, өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешуге мұрындық болып жүрген бірқатар сырбойылық азамат «Құрмет» грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты және 2022 жылдың үздік номинациясы бойынша марапатталды. Салтанатты шара мерекелік бағдарламамен жалғасты.

# ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

**Жақында Сенаттың жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екі оқылымда қаралып, қабылданды.**

Заң жобасында мынадай ұғымдарды заңнамалық тұрғыда бекіту ұсынылады: жастардың даму индексі, уақытша жұмысқа орналаспаған жастар (NEET санатындағы жастар), жастармен жұмыс жөніндегі маман, жастардың еңбек жасақтары. Сондай-ақ құжат аясында «жастар» ұғымының жас шегін 29-дан 35 жасқа дейін ұлғайту жөнінде түзету енгізілді. Бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға әсер береді. Екіншіден, жастарға тұрғын үйді жеңілдікпен жалға беру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыретін кеңейтуге бағытталған түзетулер көзделген. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарына, оның ішінде аймақтарды дамыту бағдарламаларына жастармен жұмыс бойынша нақты индикаторлар, бағалау критерийлері және күтілетін нәтижелер енгізілмек.

Бұл орайда «Жастарымыздың білім алуы, жұмысқа орналасуы, денсаулығы, өзін-өзі дамытуы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне толыққанды қатысуы үшін тең мүмкіндік пен қолайлы жағдай жасау – кезек күттірмейтін көкейкесті мәселе екені белгілі. Заң жобасы сарапшылар мен қоғам белсенділері тарапынан талқыланды. Аталған заң жобасын қабылдау жастар саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп санаймыз» дейді Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Бұған қоса келер жылы дін, жастар саясаты мен азаматтық қоғам саласына 1,2 млрд теңге бөлінетіні хабарланды. Осы аптада Ақпарат және қоғамдық даму министр-лігінің азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет саланы гранттық қар-жылан-дырудың жаңа тетіктерін атады.







«2023 жылы министрлік азаматтық қоғамды, дін саласын, сондай-ақ жастар саясатын дамыту бағыттары бойынша жаңа тәсілдер аясында гранттық жобаларды іске асыруға 1,2 млрд теңгеден астам қаражат бөлуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ, министрліктің тапсырысымен 2021 жылдан бастап 10 ұзақ мерзімді грант іске асып жатыр. Ол 2023 жылы да өз жалғасын табады», – деді комитет басшысы.

Айтуынша, бұл салада гранттардың сараланған жүйесі енгізілген. Грант түріне байланысты қаржылан-дыру көлеміне, іске асыру мерзімдеріне, конкурсқа қатысу шарттарына, есептілікке әр түрлі талаптар айқындалды. Үшіншіден, гранттық саясаттың салалық тәсілін кеңейту үшін орталық мемлекеттік органдарға да оператор арқылы грант үлестіру құзыреті берілді. Төртіншіден, азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен гранттардың тиімділігін бағалау тетігі енгізілді, ол жобалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және кейіннен гранттарды қалып-тастыру үшін негіз болады. Бүгінгі таңда грант берудің өтінім қабылдау және өңдеу процесін автомат-тандыру шеңберінде грант пен сыйақыны басқару сервистерін құру бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр.

# «БАЛАЛАР ЖЫЛЫНДАҒЫ» БАЗАРЛЫҚ



**Қызылордада балалардың игілігіне бір мезетте 80 спорт-ойын алаңы тарту етілген. Бұл туралы «Бетпе-бет» бағдарламасында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәлімдеді.**

–Балалар – біздің болашағымыз, оларға жан-жақты қолдау көрсетіп, барлық жағдай жасауға мүдделіміз. Мемлекет басшысының биыл жариялаған «Балалар жылына» тарту ретінде демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд. теңгеге 80 балалар спорт-ойын алаңын пайдалануға бердік. Тек қаланың ортасында ғана емес, шеткері аймақтарда да ойын алаңдары салынды. Бұл жұмыстарды келесі жылы да жалғастырамыз. Балалар үшін тағы бір қомақты сый жасадық. «ҚазГерМұнай» компаниясы Қызылордада заманауи 350 орындық Оқушылар сарайын салуға ниет білдірді. Жаңа үлгідегі Оқушылар сарайында дарынды балалардың жан-жақты білім алуына мүмкіндік жасаймыз, – деді өңір басшысы.

Облыста бала туу көрсеткішінің қарқыны жоғары. Осыған орай жеке мектептердің де үлесі көбеюде. Аймақта білім саласына инвестиция құйған кәсіпкерлер аз емес. Қазірдің өзінде өңірде 21 жеке мектеп жұмыс істесе, алдағы 3 жылда кәсіпкерлеріміз 12 мектеп салуға ниет білдірген.

Аймақта апатты деп танылған Тоқабай ауылындағы мектеп жеке инвестор есебінен 500 млн. теңге қаржыға қайта салынуда.

– Алдағы 3 жылда 64 балабақша ашу жоспарымызда бар. 11 мыңға жуық бүлдіршінді қамтимыз. Осылайша өңірде 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен 100% көрсеткішке жеткіземіз, – деді облыс әкімі.

# ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС



**Осы аптада жастар саясаты жөніндегі кеңес отырысы өтті. Маңызды шарада салаға қатысты мәселелер ортаға салынды.**

Кеңес отырысының күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығының директоры Жақсылық Төлегенов «Жастар арасында жұмыссыздық мәселесін шешуге арналған 2023 жылға жұмыс жоспары», жаңа бағдарламалар мен жобалар туралы баяндады. Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәду мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы мен NEET санатындағы жастардың дерекқоры, оның үлесін төмендету бағытында атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті.

Ал жастар орталығының стратегиялық жоспарын талдау және «Жастар саясаты туралы» заң жобасына енгізілген өзгерістер туралы «Qosyl» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Әліби Басаров таркатты.

«Орталық қызметін 11 айда 10 952 жас пайдаланды. Жыл басынан бері орталықпен 94 шара ұйымдастырылып, оған 9945 жас қамтылды. Жастардың сұранысына орай орталықта WI-FI, коворкинг орталығы, спорттық секциялар, креатив фото-видео студиясы, би залы және жастар ұйымдары кабинеті тегін қызмет көрсетті», – деді орталық директоры.

Кеңес төрағасы жастар саясатын дамытудың маңыздылығына назар аударып, кент және ауылдық округтердің жастарын шараларға кеңінен тартуды, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсетіп отыру қажеттігін айтты. Сондай-ақ, әлеуметтік жобаларға жастардың психикасы мен суицидтің алдын алуға бағытталған шаралардың қосылатынын мәлімдеді.

# «SMART SARBAZ» САЙЫСЫ ӨТТІ



**Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» және «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Smart Sarbaz – 2022» әскери-патриоттық робототехника сайысы бастау алды.**

Сайысты орталық директоры Талғат Оспанұлы ашып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Қызылорда облысы қорғаныс істер жөніндегі департаменті бастығының орынбасары, подполковник Алмат Алмасұлы өңірде алғаш рет ұйымдастырылып отырған сайыс алдағы уақытта жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп, өз жалғасын табады деді.

Қызылорда қаласынан және барлық аудандардан 16 оқушы қатысып, өзара бақ сынауда. Естеріңізге сала кетейік, сайыс жеңімпазы республикалық робототехника байқауына жолдама алатын болады.



# ЖОЛДАНБАҒАН ХАТТАР

Гитарамен айтылған ән өрістен қайтқан қой-ешкідей жамырай шықса да, шынайылықтың құнын кетірмейтін әсем әуезге толы. Әр жүректен шыққан жылы әуен ерекше сезімге бөлейді. Дөңгеленіп отырған топ жастардың ішінен арманымен де, талғамымен де ерекшеленіп отырған екі бикештің өзгеше еректігі жұлдызды аспанға ғана мәлім. Қатарласып отырған қара көзді қос құрбылар – Асылым мен Жанеркенің армандау шекарасы қарайлас болғанымен, қиял әлемдері тым бөгде. Жанерке көп дүниені боямасыз реалды кеңістіктегі материя ретінде қаз-қалпында қабылдайды. Асылым болса, көз алдында болып жатқан оқиғаларды санасындағы ашық түстермен әрлеп алады да, сезімталдықтың абсолюттік биіктігіне дейінгі аралықтағы бос орындарға толтыра береді. Мысалы, Жанерке үшін терезеден түскен күннің еш маңызы жоқ. Ол жай ғана күннің қалыпты жарығы болып есептеледі. Ал, Асылым үшін үйеңкі ағашынан жасалған сарғыш терезенің бойжеткеннің қос бұрымындай белінен буған пердесінен ұялшақ күннің сұлу сәулелері сығалайды. Міне, олардың айырмашылықтары да осында. Жанерке мен Асылым да өзімнің жеке статистикалық есептеу үлесім бойынша, қай уақытта да маңызын жоғалтпайтын, 96 пайыз мектеп бітіруші түлектердің армандарымен бағыттас Алматыны көздеді. Жас дәурендерінің естелік дәптеріне қазақ білімінің қара шаңырағына айналған ҚазГУ қалашығын мақсат етіп қойды. Бала кезден алған білімдерінің қалаған іргетасы мығым болғанының арқасында ҰБТ-дан жинаған баллдары көңілдерін алаңдатпайтындай-ақ.

– Алматыға барғаннан соң дүниені төңкереміз. Бірге еңбектенсек, қазақ әдебиетіне зор үлес қоса аламыз. Танымал боламыз. Сен – жастардың жүрегін жаулаған жазушы, ал, мен – атақты ұстаз боламын, – деді Жанерке Асылымға арманын ақтарып.

– Мен мықты ұстаз туралы роман жазамын, – деді Асылым күліп. Аспанның мәңгі тұрғындарына айналған шоқ жұлдыздар жымың қағып, жердегі қос жұлдыздың жанкүйерлеріндей қошемет көрсетті. Құрбылығынан бөлек, көршілігі бар қос бикеш керемет кештен бірге қайтты...

Ыстығы ми қайнатар шілденің ортасында Асылым мен Жанерке Әл-Фараби университетіндегі филология факультетінің студенттері болғанын сүйіншіледі. Құдай қосқан қос көрші ауылдас ағайындармен ұлан-асыр той жасап, қос бұрымдының қуанышын айналасындағылармен мақтана бөлісті. Тамыздың мамыражай түндерінің бірінде сөмкелерін сүйреткен бикештер адамзаттың естелік тасымалдаушы құралына айналған пойызға мініп, ғажайып сапарға бірге аттанды. Ақ желкенді арманның алғашқы баспалдағына аяқ салып, алқынып Алматыға да келді. Жаратқан жан құрбыларға жарасымды жапсарлап берген-ау шамасы, бикештер жатақханада да бір бөлмеге орналасты. Оқу үлгерімі озат қыздар үшін сабаққа бейімделу барысы аса ауыр болады. Дәріс берушілердің де назарын бірден ұрлады. Жанерке қу сирақтан қуырдақтың етін алардай пысықтығының арқасында желтоқсан айында өз факультетіндегі деканатқа жұмысқа орналасты. Жауапкершілікке адалдығының арқасында атқарар шаруасы қиынға түспеді. Асылымның да жетістігі кенже қалмады. Жас жазушылар арасында өткен республикалық байқауда «сезім ханшасы» деген номинацияны иеленді. Группаластарының ішінде тек білімімен ғана ерекшеленетін. Себебі, сылқым өмірді суқаны сүймейтін.

Қысқы семестр жаңа жағымды жаңалықтармен басталды. Таңертеңгі тәтті ұйқыларын қиып баратын сабақтардың кестесі түстен кейінге ауысты. Бірақ, басты жаңалық бұл емес еді. Басты жаңалық – группаға академиялық ауысыммен келген елордалық сұңғақ ойлы жігіт. Шығармашылықтың адамы екені сыртқы сұлбасынан-ақ көрініп тұр. Иығына дейін төгілген шашы ұзын қоңыр пальтосымен жалғасып кеткен, мойнын шала жауып тұрған аппақ жейдесіндегі жіңішке қара сызықтары көзге оттай басылады. Шалбарының қыры сүйек шабардай өткір, пальтосымен түстес заманауи қоңыр туфлиі еуропалық мәдениетке саяды. Алғаш аудиторияға кірген сәттің өзінде талай арудың жүрегін тырнап өтті. Алғаш қалдырған әсері Жанерке мен Асылымға да әсер тигізе алды.

– Сәлеметсіздер ме, құрметті достар? Менің есімім – Бағлан, сіздердің жаңа группаластарыңыз боламын» – деген актерлардың дауысындай қоңыр үні Асылымның жүрегін қытықтап кетті. Желең сезімнің ұшқыны Жанеркені де бей-жай қалдырмады. Өз-өзін ұстауы, әр істі байыппен бағдарлап барып жасайтын ерге лайық қасиеттері тұлғасын әрлей түседі. Осыдан-ақ Бағланның қылықтылар қауымының жүрек құлпын қалай ашу керегін жақсы білетіндігі байқалады. Ашық мінезінің арқасында жаңа таныстармен араласу Бағланға жеңіл болды. Бағланның ең бірінші Ньютонның заңындай тартылып, тез тіл табысқан адамдары шығармашылық кеңістіктерінің ауқымы деңгейлес жазушы мен болашақ ұстаз бикештер.

Жатақханаға орналасқан Бағланның бөлмесі де қос құрбының бөлмесімен бір қабатта орналасқан. Сол себепті де, таныстықтарын тез өрбіді. Жүрегі бос сырбаз жігіттің басын айналдыру үшін айла қолданатын қылықтылардың қарасы да қалың еді. Бірақ, Бағлан талғампаздығының арқасында көзге көрінгенге сүріне берген жоқ. Төрт жылда бір келетін ақпанның жиырма тоғызыншы жұлдызы күні Бағлан айды аспаннан бір-ақ шығарды. Аудиториядағы кезекті дәрістердің бірінде барша студенттердің көзінше бір бума гүлін құшақтап кіріп келді де, Жанеркеге жан сезімін жайып салды. Дәл мұндай ғажапты күтпеген Жанерке де аң-таң боп абдырап қалыпты. Көпшіліктің шуылымен есін жинап, қызға лайық қылықпен бас изеп келісе кетті. Бағланнан үмітті талай жүректер бір сәтте жараланып, қызғаныштың оты лап етсе де, дүйім адамның қиқуы біраз шындықты көлегейлеп қалды. Бірақ, ең сорақысы бұл емес еді. Асылымның дақ түспеген пәк жүрегіне қызғаныштың инедей ұшқындары қадалғандығы тек өзіне ғана аян болып жасырын қалды. Махаббаттың дәмін татып көрмеген қос құрбының тағдыр жолындағы алғашқы қуаныш пен алғашқы мұңы. Жазмыш осы уақытқа дейін берер сыйын теңдей үлестіріп берген қағидасын бұзды. Бірінің кеудесіне махаббат, ал бірінікіне машақат салып берді.

Келесі күні Бағлан мен Жанерке қол ұстасып театрға кетті. Жанерке мұхиттан алтын балық ұстап алған адамша бақыттың жетегінде балаша қуанып, шаттығын жасыра алмады. Асылым болса, жанарынан ағарға шара болмаған соң ішіне құйыла бастаған тамшыларын кеудесіндегі алаулай бастаған сезімге төкпелеп әлек. Шығармашылыққа жаны құштар адамның ішкі дүниесіндегі азабы ұлы туындылардың жарыққа шығуына бірден-бір себепкер дүлей күш емес пе? Балалық шағынан бері досынан көрі әпкесіне айналып кеткен жан құрбысының бақытына қызығуға ұяты жібермей, жан әлемінде махаббат пен ардың арасындағы алапат қақтығыс басталып кетті. Санаға бағынудан бас тарта бастаған жүрекке әмір жүргізу – ұлы қуат пен құрбандықты қажет ететін алып майданға ұқсап барады. Кеудесіне сыймаған сезім, төрт қабырғаның да ішіне тұрақтамады. Асылым жатақханадан асығып шықты да, 24 сағат жұмыс істейтін кітап дүкенінен су жаңа, қалың қойын дәптерді сатып алды. Сосын ұзын сонар көшелерді жағалап, бұрын соңды барып көрмеген белгісіз бір саябаққа бас сұқты. Кеудесіндегі үміттей өлеусіреп тұрған аспалы шамның астындағы отырғышқа жайғасты да қойын дәптерін қолына алды. Бар ойы кеудесіне сыймаған қызғаныш пен асау сезімді хатқа жазып жеңілдемек. Мүмкін бұл хаттар жолданар, мүмкін жолданбас. Бірақ, бұл хат ұлы жазушылардың өзі жаза алмауы мүмкін ұлы туындыға айналары анық...

Сиясынан сезім сорғалаған қаламын қолына алып, хатты бастады...

Құрметті оқырман, бұл шығарманың шырғалаң оқиғасын сіз аяқтаңыз! Бұл сіздің қолыңыздан келетініне сенемін. Себебі, әрбір адам өз өмірінің ұлы жазушысы... Қанекей, қаламыңызды қолыңызға алыңыз да, бұл мұңды тәттілеп тәмәмдап көріңіз...




## АЛМАТЫМ



Махаббатты
да Құдай береді,
Ғашықтар
соған шырай
береді.
Жылы сөзіңнің
мелодиясы,
Ұлы сезімнің
ұнайды өлеңі.
Мендік жүрекпен
сенің көзіңдей,
Алматым неге
жылай береді!

Тіршілік бірден тосып
алады,
Күрескерлерге қосып алады.
Уақытша келген
тұрғындарының,
Түйе тағдырлы көші қалады.
Ең алғаш сүйген бейкүнә
қыздай,
Сүйемін неге осы қаланы?

Жарықсың
жаным
жанардай неге,
Алыпсың тағы
бабамдай көне.
Адамың сынды
адасқан үміт,
Аралын жүрген
табалмай кеме.
Әкемдей сенен
жасқанғаныммен,
Жақсы көремін анамдай
неге?!

## ҚОНАҚ ҚЫЗ



Сұлуды сендей көрмедім елде,
жоқ әлі,
Тал бойы мінсіз, талғамы
таудан жоғары.
Қайдасың қайда түндегі
көрген түсімнің,
Шақырылмаған қонағы.

Тәңірдің мүмкін жазылған
сенсің жарлығы,
Ашылған шығар сақталған
маған сандығы.
Тәтті түсімнен оянып кеткен кезімде,
Жоғалып кетті-ау барлығы.

Ояндым солай өңіме қайта
түстімде,
Махаббат деген мазасыз уды
іштімде.
Ақ шымылдықта қызарып отыр
екенсің,
Қызыл халатың үстінде.

Той болып жатты, ауламда
туыс қараңдап,
Жайғасып тұрып, жаныңа
келдім табандап.
Жанарларыңа күмәнмен қарап
қоямын,
Адалдығыңа алаңдап.

Шаттанды солай бір
сәттік түске шыбын жан,
Жігітпін төре, жерім жоқ
жөнсіз жығылған.
Тағдырдың өзі
таңбалап тұр ау
маңдайға,
Танимын сені
бұрыннан.

Басқалар мейлі
сенбесін менің сөзіме,
Көрініп тұрсың түсімде
келіп көзіме.
Жаратқан сені тұспалдап
берді түсіндім,
Өңімде барам өзіңе.

Сұлуды сендей көрмедім елде,
жоқ әлі,
Тал бойы мінсіз, талғамы
таудан жоғары.
Қайдасың қайда түндегі
көрген түсімнің,
Шақырылмаған қонағы.
Бала шағымда көрген қыз,
Болашағымның қонағы!



Шерхан Мұхаммед-ханапия,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты,
Қазалы ауданы, Майдакөл ауылы

# ӘЧ: МЕССИ БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС

**Төрткүл әлем көз тіккен Катардағы әлем біріншілігі тарих қойнауына енді. Түн ұзарған шақта өткен чемпионаттың айтулы сәттері көп болды. Әлемнің ең үздік 32 құрамасы бас қосқан футбол тойы Аргентина құрамасының жеңісімен аяқталды. Жер-жаһанның теңдессіз футболшысы деп танылған Месси 16 жыл бойы армандаған Әлем кубогіне қол жеткізді. Енді оның аты футбол әлемінің аңыздары – Пеле, Марадоналармен қатар аталатын болды.**



Соңғы минутқа дейін аса тартысты өткен ойында «Лусаил» стадионынан 90 мың жанкүйер, теледидар арқылы миллиардтаған жанкүйер тамашалап, футболшылардың алаңдағы ерліктерін, соққан голын, бәрін-бәрін көрді. Сондықтан финалда «Аргентина құрамасы қалай жеңіске жетті, Франция неге жеңілді?» деген жанкүйерлерді мазалаған басты сұраққа өзімізше аз-кем жауап беріп өтсек.







Жалпы футбол тарихындағы ірі турнирлердің финалын өте мұқият тамашалап жүрген жанкүйер бұл сұрақтың жауабын біледі деп ойлаймыз. Финалдық матч Аргентинаның басымдығымен басталды. Матч төрешісі Шимон Марчиняк 23-минутта пенальти белгіледі. Анхель Ди Марияны итеріп қалған Осман Дембеле ойын тәртібін бұзды. Лионель Месси 11-метрлікті мүлтіксіз орындап, голға айналдырды. Одан кейін Аргентина қорғанысқа ден қойып, тек қарымта шабуылдар ұйымдастырып отырды. Соның бірінде Анхель Ди Мария қақпашының алдына келіп тамаша пас алды. Сөйтіп әдеттегідей финалдық матчта гол салды. Бұл жартылай қорғаушы үнемі ірі матчтарда көзге түсіп жүреді.

Екінші таймда Франция бас бапкері Дидье Дешам бірнеше өзгерістер жасап, Франция құрамасы түрлене кетті. 80 минуттарда шабуыл күшейіп, Киллиан Мбаппе пенальти тебу құқығына ие болды. Франция шабуылшысы осы Әлем чемпионатындағы 6 голын салды. Артынша тағы бір шабуыл ұйымдастырылып, Киллиан керемет соққымен таразы басын теңестірді. Есеп 2:2. Айналдырған 90 секундтың ішінде французадар ойынды теңеп тастайды деп ешкім ойламаған еді. Ойын 2:2 тең аяқталып, матч экстра-таймға ұласты.

Алғашқы 15-минуттық тайм еш нәтиже бермеді. Ал екіншісінде Аргентина ғаламат шабуылдың арқасында қайтадан алға шықты. Лаутаро Мартинестің ауыр соққысын қайтарған Уго Льорис допты дәл Мессидің аяғына салып берді. Лео еш қателескен жоқ. Уақытты созып, есеп басымдығын ұстап қалуға тырысқан Аргентина айып алаңының ішінде тәртіп бұзды. Доп ойыншылардың бірінің қолына тиіп кетті. Тағы да пенальти. Киллиан Мбаппе финалда хет-трик жасаған екінші ойыншы ретінде тіркелді. Сонымен қатар осы Әлем чемпионатындағы 8-голын салды. Өткен жолғы Әлем біріншілігінде ол 4 гол салған еді. Енді жалпы сомада оның еншісінде 12 гол бар. Ал Әлемдік рекорд неміс шабуылшысы Мирослав Клозенің еншісінде. Ол 16 гол салған. Демек, келесі әлем чемпионатында Мбаппе оны басып озуы әбден ықтимал.

Матч тағдыры пенальтилер сериясында анықталып, онда аргентина қақпашысы Эмелиано Мартинес Кингсли Команның пенальтиін қайтарды. Ал Орельян Тчуамени қақпадан қиыс тепті. Аргентина құрамасының қорғаушысы Гонсало Монтиэль гол салып, есеп 4:2 болып аяқталды. Жеңіс, Аргентинаға бұйырды.

Сонымен, Лионель Месси бірінші рет Әлем чемпионы деген атақты жеңді. Бұл 35 жастағы аргентиналықтың соңғы біріншілігі еді. Роналдуға бұйырмаған бұл кубок Леоның қолына түсті. Футбол тарихына атын алтын әріптермен жазған аргентиналықты күллі әлем мойындады.

Иә, ақтық бәсекеде Аргентинаның Францияға қарағанда жеңіске деген құлшынысы зор болды. «Альбиселесте» футболшылары финалда бір мақсат аясына бірігіп, өздерін де, Мессиді де әлем чемпионы ету үшін жасыл алаңда барын салды. Рас, француздар финалда жеңілеміз деп шықпағаны белгілі. Олар да қатарынан екі рет бас жүлдені иеленгісі келді. Бірақ бұл жолы Аргентина футболшылары француздарға қарағанда жақсы мотивацияға ие болды. Соның арқасында жеңіске жетті.

Сонымен, биылғы әлем чемпионатын қорытындылайтын болсақ, Лионель Месси әлем чемпионымен қатар, турнирдің ең үздік ойыншысына берілетін «Алтын доп» иегері атанды. 35 жастағы футболшы жеті матчта алаңға шығып, жеті голдың авторы атанды. Сондай-ақ әріптестерінің үш мәрте көзге түсуіне мүмкіндік берді. Финалда хет-трик жасап, бір мундиальда сегіз гол соққан франциялық шабуылшы Килиан Мбаппе Катардағы әлем біріншілігінің үздік сұрмергеніне берілетін «Алтын бутсыға» ие болды. Тағы бір аргентиналық футболшы Энцо Фернандес – ең үздік жас ойыншы атанса, Эмилиано Мартинес ең үздік қақпашы аталымында үздік шықты. Чемпионаттың ширек финалында жарыс жолынан шығып қалған Англия «адал ойын» марапатын жеңіп алды.

Келесі әлем чемпионаты 2026 жылы АҚШ, Мексика және Канадада өтеді. Мұхиттың арғы бетінде ұйымдастырылатын біріншілікке алғаш рет әлемнің 48 құрамасы қатысады.

---

# ЕЛ ҚҰРАМАСЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ




**Сеуілде гандболдан әйелдер арасында Азия чемпионаты мәреге таяды. Азияның үздіктері сынға түскен бәсекеде Қазақстан құрамасы бесінші орынға ие болды. Бұл нәтижемен жерлестеріміз келесі жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама алып, алға қойған мақсатын жүзеге асырды.**

Жеребеге сәйкес құрамамыз Жапония, Қытай секілді құрлықтағы ең мықты ұжымдармен бір топқа түсті. Топтық кезеңде Қазақстан құрамасы Таиланд, Гонконг сияқты командаларды ұтқанымен, Жапония мен Қытайға қарсы тұра алмады. Жапония – бұған дейін Азия чемпионы деген атақпен қатар, үнемі финалға шығып жүрген команда.

Қытай құрамасы да сақа спортшылармен қарсыластарын сан соқтырып кетті. Олар бұған дейін Азия чемпионатында 16 мәрте жүлде алса, биылғы жарыстың қорытындысы бойынша жүлде санын 17-ге жеткізді.

Десек те, Қазақстан құрамасы Азия чемпионатының алғашқы ойынында дәл осы Қытай құрамасына айтарлықтай төтеп берді. Тіпті кейбір ойын сәттерінде бойжеткендеріміз есепте алға шыққан еді. Өкінішке қарай Берік Бекназаровтың шәкірттері өз мүмкіндігін тиімді пайдалана алмай, қарсыластарының есепте алға шығуына жол беріп қойды.

Жалпы Азия чемпионаты барысында Қазақстан құрамасы сапында Жанерке Сейітқасым, Дана Әбілдә, Вероника Хардина, Камила Серікбаева, Ирина Барановская, Арайлым Әбдіхамит өте жақсы өнер көрсетті. Мәселен, Қытаймен өткен алғашқы матчта Вероника Хардина 8 доп соқса, Дана Әбілдина 6 рет қарсылас қақпасын дәл көздеді.

Азия чемпионатының қорытындысы бойынша 5 команда келесі жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама алды. Олар – Қазақстан құрамасы және үздік төрттікке кірген Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай және Иран құрамалары. Айтулы аламанда Оңтүстік Корея құрамасы финалда Жапонияны қосымша уақытта жеңіп (34:29), Азияның 16 дүркін жеңімпазы атанды. Қола жүлде Иранды 39:24 есебімен ұтқан Қытай еншісінде.

Әлем чемпионатын келесі жылы Дания, Швеция және Норвегия құрамалары бірігіп өткізеді. Бүгінде әлемдік жарысқа қатысатын 32 команданың 17-сі белгілі болды. Атап айтсақ, жарыс қожайындарынан бөлек, Франция, Черногория және Нидерланд құрамалары Европа чемпионатының қорытындысы бойынша жолдама алды. Африка аймағының үздік төрт командасы қараша айында анықталды. Олар – Ангола, Камерун, Конго және Сенегал құрамалары. Америка аймағының қос мықтысы Бразилия мен Аргентина да әлем чемпионатына қатысатын ұжымдарға қосылды. Келесі жылдың көктемінде Еуропа чемпионатының екінші іріктеу ойындары өтеді. Ол жерде 10 команда белгілі болады. Ал қалған бес команданы Халықаралық гандбол қауымдастығы өздері ұсынады.

**Азия чемпионатының нәтижелері**
**Топтық ойындар**
**А тобы**

1-тур. Үндістан – Иран – 35:43; Оңтүстік Корея – Аустралия – 48:9;
2-тур. Өзбекстан – Иран – 32:35; Үндістан – Оңтүстік Корея – 8:38;
3-тур. Үндістан – Өзбекстан – 28:22; Иран – Аустралия – 43:15;
4-тур. Аустралия – Үндістан – 30:42; Өзбекстан – Оңтүстік Корея – 21:41;
5-тур. Аустралия – Өзбекстан – 26:36; Оңтүстік Корея – Иран – 41:11;

**В тобы**

1-тур. Қытай – Қазақстан – 28:26; Таиланд – Жапония – 9:44;
2-тур. Гонконг – Қазақстан – 24:28; Қытай – Жапония – 26:29;
3-тур. Қытай – Гонконг – 36:21; Қазақстан – Таиланд – 30:24;
4-тур. Таиланд – Қытай – 13:36; Гонконг – Жапония – 7:42;
5-тур. Таиланд – Гонконг – 24:20; Қазақстан – Жапония – 21:33;

**Плей-офф**

Жартылай финал. Оңтүстік Корея – Қытай – 34:16; Жапония – Иран – 43:19;
9-10-орын үшін. Аустралия – Гонконг – 26:28;
5-8-орын үшін. Үндістан – Таиланд – 37:25; Қазақстан – Өзбекстан – 30:28;
7-8-орын үшін. Таиланд – Өзбекстан – 39:35;
5-6-орын үшін. Қазақстан – Үндістан – 42:31;
3-4-орын үшін. Қытай – Иран – 39:24;
**ФИНАЛ.** Оңтүстік Корея – Жапония – 34:29 (27:27) қосымша уақытта.

---

# ҮЗДІКТЕР АЛМАТЫДА БАС ҚОСАДЫ



**25-30 желтоқсан аралығында Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында шахматтың рапид және блиц түрлері бойынша кезекті әлем чемпионатының жалауы желбірейді. Республикалық федерация таратқан дерекке сүйенсек, бұл жарыста жер-жаһанның әр қиырынан жиналған 250-ге тарта ойыншы бақ сынайды.**

Алатау баурайында өтетін дүбірлі додада өнер көрсететіндер арасында атағы алысқа жайылған шахматшылардың қалың шоғыры бар. Со¬лардың арасынан Магнус Карлсен (Норвегия, рейтингтегі ұпай саны – 2859), Хикару Накамура (АҚШ, 2768), Фабиано Каруана (АҚШ, 2766), Ян Непомнящий (ФИДЕ, 2793), Аниш Гири (Нидерланд, 2764), Александр Грищук (ФИДЕ, 2745), Шахрияр Мамедьяров (Әзербайжан, 2740), Максим Вашье-Лаграв (Франция, 2737), Ян-Кшиштоф Дуда (Польша, 2729) және Ю Янъиді (Қытай, 2728) бөле-жара атап өтуге болады. Әйелдер сайысында Александра Горячкина (ФИДЕ, 2584), Катерина Лагно (ФИДЕ, 2563), Хампи Конеру (Үндістан, 2572), Александра Костенюк (ФИДЕ, 2520), Тан Чжунъи (Қытай, 2518), Нана Дзагнидзе (Грузия, 2517), Харика Дронавалли (Үндістан, 2507), Жансая Әбдімәлік (Қазақстан, 2496), Сарасадат Хадемальшариех (Иран, 2490), Антоанета Стефанова (Болгария, 2442) және Бибісара Асаубаева (Қазақстан, 2440) шеберлік байқасады.

# БАБЫН БАЙҚАТҚАН БАЛУАНДАР



**Елордада өткен қазақ күресінен әлем чемпионаты қазақ балуандары үшін сәтті аяқталды. Үш күнге созылған жарыста олар 15 алтын медаль жеңіп алды.**

17 жастағылар арасында Ақылбек Аманұлы (50 келі), Әли Әлімби (60 келі) және Сардар Әбдісәметұлы (+82 келі) чемпион атанды.

Ал Олжас Жоспар (70 келі) «күміс» алса, Қыдырмолда Қуан (50 келі), Рузимин Тұғышев (60 келі) пен Темірхан Дәрусейітхандар (82 келі) үздік үштікті түйіндеді.

20 жастағы балуандар арасында Руслан Теміржан (60 келі), Жұмажан Қожамбеков (74 келі), Бибарыс Нұғыман (84 келі), Ерасыл Амангелді (+100 келі) алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар Шоқан Нұрмаханбетов (100 келі.) екінші орынға табан тіреді. Осы жас деңгейінде боз кілемде белдескен қазақстандықтар Алтынбек Қалмақбаев, Ералхан Балтабай, Мейіржан Беріков және Мейіржан Әбдімәліков үшінші орыннан көрінді.

Айта кетейік, 60 келіде сынға түсіп жеңімпаз атанған Руслан Теміржан Сыр өңірінің тумасы. Ол облыс орталығындағы №1 ООРМБЖ мектебінде шұғылданады. Бала күнінен бабын жасаған бапкері – Берік Қасымбеков. Соңғы уақытта балуанды Аязбек Шүкір дайындап жүр.

# «ҚАЙСАР» ДАҢҚТЫ КЛУБПЕН КҮШ СЫНАСАДЫ




**Түркияда маусымға дайындығын пысықтап жатқан қызылордалық «Қайсар» Анадолы жерінде екі жолдастық кездесу өткізеді. Соның бірі – чемпиондар лигасының жеңімпазы «Сампдория». Кездесу ертеңге белгіленген.**

Команданың бас бапкері бұл кездесуді жаңа футболшылардың әлеуетін байқатуға зор мүмкіндік екенін жеткізді.

– «Сампдория» – Италияның үздік командасы. Тарихы да терең. Италия чемпионатының жеңімпазы, кубок иегері. Мықты қарсыласпен шеберлік байқасу мол тәжірибе жинауға мүмкіндік сыйлайды. Қазір құрамда 25 футболшы қаралымда жүр. Солардың біліктілігін осы матч арқылы анықтаймыз. Сондай-ақ 26 желтоқсанда «Қайсар» тағы бір жолдастық кездесу өткізеді. Бұл жолы Түркия біріншілігінің өкілі бізге қарсылас атанады. 27 желтоқсанда жиынды қорытындылап, футболшылардың болашағына байланысты шешім қабылдаймыз, – деді бас бапкер Виктор Кумыков.

Бетті дайындаған: Е.ҚАНЫБЕКҰЛЫ

# «ЦИРК ӨЗГЕ ӘЛЕМГЕ ЖЕТЕЛЕДІ»

**Көңіл көтеру мен таным кеңейту амалының тоғысар тұсы – цирк. Әсіресе, ерекше қимылдар, аңдардың қозғалысы көрерменді баурап, күйбең тірліктен бір сәт сергуге мүмкіндік сыйлайды. Ал сол ғажап өнердің өкілі болу қандай? Біздегі ахуал қай деңгейде? Аталған сауалдың жауабын Еуропа төрінде еңбек етіп жүрген жерлесіміз, цирк өнерінің жас өкілі Махмуд Алмастан білген едік.**

**– Әңгімемізді алдымен цирк саласына келу жолыңыздан бастасақ. Ұзақ дайындық пен шеберлікті талап ететін бағытты таңдауыңызға не түрткі болды?**

– Бала кезімнен әртіс болуды армандадым. Түрлі кино кейіпкерін ойша сомдап, атақты рөлдерді ойнауды қалағаным жасырын емес. Осы арман жетегімен Алматыға аттанып, оқуға тапсыруға мүмкіндік туды. Алайда сәл өзге бағыт, жанама салаға келдім. Ол – цирк. Ж.Елебеков атындағы Алматы эстрада-цирк өнері колледжіне актер мамандығына қабылдануға балл жетпей, ұстаздардың кеңесінің нәтижесінде мен үшін жаңа бағытқа жол ашылды.








Шынын айту керек, оқуға түскенше цирк өнерінен бейхабар едім. Алғашында бұл мамандықта да актерлік шеберлік үйретілетін болғасын қызыққанмын. Сол артықшылық үміт сыйлап, жаңылмайтынымды сездім. Дегенмен бастапқы кезең ауыр соқты. Сабақ мен күткендей жабық кабинет ішінде емес, цирк ішінде өтетін. Әуелгі 3 ай қиынға соқты. Арнайы жаттығулар, күшті талап ететін қимылдарды қиталау оңай емес. Әлсін-әлсін қайталау арқылы барлық талапты орындап, игеру жылдамдығын арттыруға мүмкіндік туды. Әр қойылымды орындаған сайын өзгесін жасап көруге құлшыныс артты.

**– Алғашқы толыққанды цирктік қойылымыңыз есіңізде ме?**

– Әрине, оқу орнында сабақпен қатар жеке қойылымдарға дайындалдық. Әр қойылымға кемінде 1 жылдай жаттығу қажет. Сондықтан бар ынтаны білім мен тәжірибеге салып, жетістікке қадам бастық дей аламын.

Бұл орайда жаттықтырушының да рөлі зор екенін атап өткім келеді. Алғаш жолбасшым бола білген Әділет Тиканов ұстазымның орны ерекше. Ол мүмкіндігімді бағалау арқылы кәсіби жолымның ашылуына ықпал етті. Мені өнердің қыр-сырына баулып, үнемі рухани жанашыр бола білді. Тіпті, қиын сәтте ақыл-кеңесін аямаған ағаға да айналды. Сол азаматтың арқасында шаршамай еңбек етуді, арман-мақсатқа жету жолында табандылықты үйрендім. Өзі де «Сені шетелге шығарамын, болашағың зор» деп көп айтатын. Нәтижесінде Алматы циркінде Hello circus атты бағдарлама әзірлеп, алғашқы қойылымға қатыстым. Халықтың алдына шыққанда қобалжып, кейін көптің назарына бой үйрете бастадым. Венгрия елінде алғаш байқауға қатысқанда да сол сезімді бастан өткердім. Бірақ уақыт өткен сайын күш-жігер сенім қосып жетістіктің қақпасы ашылды. Мысалы, Испания елінде халықаралық фестивальге қатысқанда еш қорқыныш, алаң болмады. Бұл — кәсіби өркендеудің белгісі деп ойлаймын.

**– Тарихта арнайы оқу, дипломсыз жетістікке жеткендер жетерлік. Цирк маманына кәсіби білім қаншалықты керек?**

– Әдепкіде мен де солай ойлайтынмын. Бірақ оқуға түскеннен кейін пікірімнің қате екенін аңғардым. Кәсіби білімнің алғашқы көмегі – қауіпсіздік. Яғни, білікті мамандардан дәріс алу қойылым барысында орындалатын гимнастикалық әдістерді қауіпсіз жасауға мүмкіндік береді. Уақыт пен қимылды бақылау, әріптестерге кедергі келтірмеу, сахна мәдениеті де кәсіби білімді әртістің ғана қолынан келеді.

**– Қауіпті жаттығулар жасау таңсық емесі анық. Қойылым барысында жарақат алу жағдайы көп кездесе ме?**

– Иә, қауіпсіздік ережесін сақтамау, тәжірибенің аздығы, әріптес олқылығы жарақатқа әкеледі. Сондықтан бір әдісті 1 жыл қайталау арқылы қатесіз орындауға тырысамыз. Әбден жетіліп, бәрін ой елегінен өткізіп, ұжыммен байланыста қозғалыс жасасақ, жарақат аз болары анық. Дегенмен, жарақаттан қорқып циркке жақындамау – ерсі қадам. Цирк сонысымен құнды, қызықты.

**– Бүгінде Еуропаны аралап, ондағы тәжірибе мен көрермен талғамына қанықтыңыз. Қазақстанға қарағанда қандай айырмашылық бар?**

– Қазір қазақ тарихына негізделген және заманауи үлгідегі бірнеше қойылымды Еуропа төрінде сахналап жүрміз. Ондағы тұрғындардың өнерге ықыласы ерекше. Бізде танымал өнер түрлеріне ән, би, классикалық музыка жатса, ол жақта бәріне көңіл бірдей. Яғни, циркке де, биге де, спортқа да келетін көрермен саны жобалас. Бұл өнердің дамуына, саланың кенжелеп қалмауына ықпал жасайтыны сөзсіз. Алайда бұл қазақ көрермендері циркке келмейді деген сөз емес. Тек әлі де болса өнерге көзқарас бір жүйеге түспеді десек болады.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан Берен ШАҒЫРОВ**




**Тоқты**

Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол өміріңізді өзгертуі мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.

**Торпақ**

Сіздің айыңыз оңынан туып, жұлдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез туды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетініңіз анық.

**Егіз**

Сізді маңызды кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.

**Шаян**

Айналаңыздағы адамдардан еш қорықпай, батыл болыңыз. Сізді ешкім де қорқытып, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындауға асығыңыз.

**Арыстан**

Өз күшіңізге сенсеңіз әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізер пайдасы зор болмақ.

**Бикеш**

Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты ысырып қойып, жақын жандардың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

**Таразы**

Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалайын деп тұр. Егер сіз тырыссаңыз, керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.

**Сарышаян**

Уақытыңызды текке өткізбеңіз. Аптада аздаған қиындық болады. Бірақ бәрі реттеледі.

**Мерген**

Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.

**Тауешкі**

Қаражат жағы қалтаңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада кәсіп бастауды ойластырған жөн.

**Суқұйғыш**

Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеңіз. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдаңыз.

**Балық**

Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдау қажет.

# МҰЗ ҚАТЫРУДЫҢ ӨЗІ МАШАҚАТ





**Елге қонақ келсе, «қайда апарамыз?» деген ой келеді. Қарап тұрсақ, қалада бой сергітер жер аз. Мезгіл талғамайтыны тек «Мұз айдыны» спорт кешені ғана. Қысы-жазы тұрғындарға қызмет көрсететін нысанда бір мезетте 50-ге жуық адам сырғанақ тебе алады. Ал, оның бағасы қалтаға қонымды ма, сервис сын көтере ме?**



Бұл сауалдардың жауабын «Мұз айдыны» спорт кешені директорының спорт жөніндегі орынбасары Ерғали Шомышбаев тарқатты. Сала маманы мұзда сырғанаудың өзіндік ерекшелігін айтты. Мәселен, мамандар қалың қымтанбауға шақырады. Адам мұзда өзін еркін сезіну үшін ыңғайлы, жеңіл киім кигені дұрыс. Сіз бірінші рет келген болсаңыз, шетте жүрген абзал. Бұл – алғашқы сақтық шаралары. Сондай-ақ коньки кигенде оның бауын міндетті түрде мықтап байлау керек.

«Келушілердің көбі коньки тепкенде шалқайып жүреді. Бірақ қауіпсіздік үшін алға қарай еңкейген дұрыс. Оның үстіне денені бос ұстау керек. Маңыздысы – өзіңді еркін сезіну. «Құлап қаламын-ау» деген қорқынышты жеңген дұрыс. Коньки тебуге бірінші рет келіп тұрған адамның көбі ортаға шығып кетуге құмартады. Бірақ қалыптасқанша аренаның шетінде жүру керек. Біз халыққа қызмет көрсетуді бастағалы бері ауыр жарақат алып, ауруханаға түскен жағдай кездескен емес. Қауіпсіздік басты орында. Коньки теуіп үйренудің белгілі бір уақыты жоқ. Десе де ол адамның ынтасына, қызығушылығына байланысты. Адам өзі қалаған нәрсені бірден меңгеріп кетеді ғой. Бізге коньки тебуге келгендердің арасында бауын дұрыс байламай тебе беретіндер бар. Өзімде сондай жағдай кездескен. Сұрасам, еңкейіп байлай алмадым дейді. Инструкторлар не үшін байлап бермейді деген сұрақ қояды. Өзіңіз ойлаңызшы, берілген бір сағат уақытта олар 50 адамның бауын байлап отырса, негізгі қызметі қайда қалады?», – дейді Ерғали Анетұлы.



Бағаға тоқталсақ, бір сағатқа үлкендерге өз конькиімен 800 теңге болса, конькисіз 1000 теңгемен кіруіне рұқсат. Балаларға конькиімен 600, конькисіз 800 теңге. Бір айлық абонементте 10 пайыз жеңілдік қарастырылған. Бұл былтырғы баға, десе де келер жылы да баға тұрақты болады.

– Бағаны өзгерте алмаймыз. Себебі бұл тұрғындардың қалтасына салмақ салады. Тұрақты клиенттерден де айырылып қалуымыз мүмкін. Келушілердің 80 пайызы – студенттер. 12 жасқа дейінгі баланың жалғыз өзін кіргізе алмаймыз. Олардың жарақат алмауына кепілдік жоқ. Сондықтан ата-анасымен немесе жақындарымен бірге кіруге міндетті.

Жаппай сырғанауға қатысты екі жаттықтырушы (инструктор) бар. Олар ауысым бойынша жұмыс істейді. Жақында жаңадан 50 коньки алынды. Жалпы 250-ге жуық коньки бар. Кешкі сағат 19-22 уақыт аралығында үш сеанс бөлінген. Ал сенбі күні түскі 2-ден бастап, демалыс күні түскі 11-ден бастап қызмет көрсетіледі, – дейді ол.



2013 жылдан бері қызмет көрсетіп келе жатқан «Мұз айдынындағы» жұмыс қарбалас. Мұнда мұз қатырудың өзі машақат. Оның температурасын бірқалыпты ұстау үшін бірнеше адам біраз уақыт сарпиды...

**Мөлдір САБЫРЖАН**

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7399
Тапсырыс: 2163